


4

Біз осы қай айрықта тұрмыз?



8

Алтын көмбелі ақынға құрмет



Сыр бойы

27 сәуір, сенбі 2024 жыл

№ 64-65 (20738-20739) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

«БІРЛІК. ЖАСАМПАЗДЫҚ. ӨРЛЕУ»

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы өтті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы өтті. Жиынға Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның өңірлердегі делегаттары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Президент түрлі сын-кәтерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен



айнымайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке нарийс тоқталды.

2-бет

/// СЕССИЯ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕНДІГІ МІНДЕТІ



Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIII сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыс әкімінің орынбасарлары мен құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық басқармалар және аумақтық инспекциялардың басшылары қатысты. Аудан, қала әкімдері, мәслихат төрағалары және активі бейнебайланыс жүйесі арқылы қосылды.

3-бет

/// САЙЛАУ

Наурызбай Байқадамов – Сенат депутаты

25 сәуірде Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Саяси науқанда Сенат депутаты болуға үмітті 3 кандидат тіркелді. Олар: Наурызбай Байқадамов, Алмасбек Есмаханов, Абайбек Жүнісов. Олардың барлығы өзін-өзі ұсыну жолымен бақ сынады.

Сайлау заңнамасына сәйкес Сенат депутаты жасырын дауыс беру арқылы жанама сайлау құқығы негізінде сайланады. Жанама сайлау құқығы Парламент Сенатының депутатын сайлауға дауыс беруге тек мәслихат депутаттары ғана қатысатынын білдіреді.

Осылайша бұл күні барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары қаладағы «Достық үйі» ғимаратында өткен бірлескен оты-

рысқа қатысты. Тізімге енген таңдаушылар дауыс беру бюллетенін алып, өз таңдауын жасады.

Айта кету керек, сайлауда өңірдегі 152 мәслихат депутатының 147-сі қатысып, өз таңдауын жасады. Үміткерлердің ішінде қатысушылардан Наурызбай Байқадамов 116 дауыс жинап, басымдыққа ие болды. Ал Алмасбек Есмаханов – 17, Абайбек Жүнісов – 12 дауыс алды. 1 сайлаушы «Бәріне қарсымын» дегенді белгілессе, бір бюллетень «жарамсыз» деп танылды. Орталық сайлау комиссиясы сайлау қорытындысын шығарып, қаулысын жариялады. Онда Сенат депутаты болып 2020 жылы 12 тамызда сайланған ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының өкілеттік мерзіміне Наурызбай Байқадамовтың сайланғанын хабарлады.

«СБ» ақпарат

/// КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Қызылордада ҚР Парламенті Сенаты Өлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің «Білім беру жүйесін трансформациялау және балалардың құқықтарын қорғаудың басым аспектілері» тақырыбында көшпелі отырысы өтті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Іс-шараға Сенат депутаттары, Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, облыстық басқарма және департамент басшылары, өңірлік жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты. Аудан әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, жауапты қызметкерлер бейнебайланыс арқылы қосылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кіріспе сөзінде көшпелі отырысты Сыр өңірінде ұйымдастыруға қолдау білдірген ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Маулен Сағатханұлына, Өлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Байтілсүлына алғысын білдіріп, аймақтың өзекті мәселелерін атап өтті.

– Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңіріне ерекше қолдауын арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Облыс бюджеті биыл 650 млрд теңгеден асты. Бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік саланы дамытуға бағытталды. Оның ішінде білім беру саласының бюджеті жыл сайын ұлғаюда. 2022 жылы сала бюджеті 206 млрд теңге болса, 2024 жылы 309,7 млрд теңгеге жетті. Бұл облыс бюджетінің 41%-ын құрап, 2 жылға жуық уақыт ішінде 27,9%-ға артты. Нәтижесінде салада ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Өңірде 3-6 жастағы

балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен қамту 100%-ға, 2-6 жастағы балаларды қамту 90,2%-ға жетті.

Жаңа мектеп салу, апатты мектептерді және үш ауысыммен оқытуды жою – білім саласындағы басым бағыттардың бірі. Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің орын тапшылығы мәселесі 1850 орынға арналған қосымша ғимарат салу арқылы шешімін тапты. Бұдан бөлек, 1170 орындық 4 мектеп, жыл басында 550 орындық 2 мектеп елімізге табысталды. Биыл жаңадан 15 мектеп және 4 мектепке қосымша құрылыс салынып, пайдалануға беріледі.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға лайықталған 21 мектеп, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы 7 млрд 900 млн теңгеге дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, Шиелі ауданында 988 млн теңгеге 100 орындық және Жаңа-

қорған ауданында жергілікті бюджет есебінен 926 млн теңгеге 150 орындық мектеп салынууда. Арал ауданы Токабай ауылындағы апатты мектептің, Ақшатау ауылындағы апатты мектептің, Ақшатау ауылындағы жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Бұдан бөлек, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы мектептерге 375 орындық, жергілікті бюджет есебінен Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында қосымша құрылыстар жүргізілуде, – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Іс-шарада ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Өлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев, облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, облыстық мәслихат депутаты, «Әкелер Одағы» РҚБ облыс бойынша филиалының басшысы Искендер Ержан сөз сөйледі.

Жиын соңында қатысушылар пікір алмасып, тәжірибелерін бөлісті.

Айта кетейік, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары облысқа жұмыс сапары кезінде оқу орындарының, балалар ұйымдарының жұмысымен танысады.

«СБ» ақпарат



Валюта бағамы \$ 443,35 kzt

€ 475,54 kzt

₸ 4,82 kzt

Ауа райы ☀️ +9° +20°

☾ +7° +13°

«БІРЛІК. ЖАСАМПАЗДЫҚ. ӨРЛЕУ»

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіруге қажет деп санайды.

Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлттың қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Президент Ассамблеяның институционалды әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсартуға тәуір керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін жүктеді.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткізіп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтар бәрін жеңетінімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты шығатынымызға сенім білдірді.

– Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сенімнен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

1-бет

/// ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕРЕН ТҰЛҒА

Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың есімін кейінгі ұрпаққа кеңінен таныстырып, оның ғибратты ғұмырын насихаттауға арналған шараның бірі «Болашақ» университетінде өтті. «Берен тұлға Бердібек» атты ғылыми-танымдық конференция қайраткердің өнегелі өмір жолына арналды. Конференция басталмас бұрын оқу орнының атриум залына қайталанбас тұлғаның есімі беріліп, салтанатты түрде лентасы қиылды.

Тағылымы мол шараға қала әкімі Серік Қожаниязов, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор, «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бақберген Досманбетов, сондай-ақ, экономист ғалымдар, ғылыми-мәдени қауымдастықтың көрнекті өкілдері және Бердібек Машбекұлының бауырлары қатысты.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу және даму жолында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің еңбегі орасан. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Республиканың 5 облысына және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Конференцияның ашылуында Бақберген Досманбетов 90-жылдары бірге қызмет атқарған кезеңді еске алып, досқа деген сағынышқа толы естелігін айтты.

– Мен ол уақытта Қорқыт ата университетінде едім. Ал Бекең министрлікте жұмыс істейтін. Иссапармен барғанымда «Сіз, қызылордалықсыз ба?» деп сұрады. Солай жолдастық таныстығымыз басталып, араласып кеттік. Бір күні Алматыға баратынымды айтып хабарласқанымда: «Мен Қызылордаға барайын деп жатырмын, маған соқпай-ақ кой» деді. Көп ұзамай облысқа әкімдікке келді. Қаланың әкімі болуға ұсыныс білдірді. Ректордан төмен қызмет деп ойлап келіспедім. Бірақ, бұл әңгіме халық арасына тарап кеткен. Сонымен ұсынысқа келіспеуге лажым қалмады. Бекеңдей адам сирек. Әрі досым, әрі әріптесім, мені ректорлықтан әкімдікке бағыттап, Сенатқа қарай жетелеген жан. Оның іскерлігі мен тазалығы, ел дамуы жолындағы еңбегі ерен, – деді Б.Досманбетов.



Салтанатты жиында Республикалық тәжік этномәдени орталығының төрағасы Акбаржон Исмаилов, ҚХА Төрағасының орынбасары, Қазақстан қорейлері қауымдастығының президенті Юрий Шин, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық ұйымының төрағасы Тимур Жұмырбаев, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» ұйымы өкілдігінің төрағасы Александр Урмашов, Жетісу облысындағы Достық үйінің директоры Руфина Усанова сөз сөйледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекеттік тілді дамытуға сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтқанда, II дәрежелі «Достық» орденімен Астана қаласы Қайырбеков атындағы №2 мектеп мұғалімі Елизавета Шнайдер, «Ел бірлігі» орденімен «Қазақстан украиндарының радасы» бірлестігінің төрағасы Юрий Тимошенко, мемлекет және қоғам қайраткері Мурат Ахмадиев, «Дустлик» Қазақстан өзбектерінің этно-

мәдени қауымдастығы төрағасының орынбасары Хасан Шарипов, «Ерен еңбегі үшін» медалімен Степногорск балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқытушысы Николай Дураченко, Атырау қалалық №3 мектеп-гимназиясының мұғалімі Татьяна Любина, «Шапағат» медалімен Өскемен металлургия кешені Мырыш зауытының күйдірушісі Сергей Панасюк, Ұлытау облысы Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының аккомпаниаторы Аркадий Побединский, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімше командирі Кирилл Пономаренко, Ақмола облысы Арайлы ауылы орта мектебінің мұғалімі Анастасия Ирубаева марапатталды.

Бұған қоса, Қазақстан халқы Ассамблеясы Шығыс Қазақстан облысы ғылыми-эксперттік тобының төрағасы Нелли Краснобаеваға, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» өкілдігінің төрағасы Александр Урмашовқа, Жетісу облысы «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Руфина Усановаға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.



Сыр елінің біртуар перзентіне арналған конференция өткеннің өнегесін дәріптейтін тау тұлғаның ғұмырнамасына тереңдеуге мүмкіндік берді. Бердібек Машбекұлы қарапайым жұмысшыдан бастап, білімімен биіктерді бағындырған басшы болды. Ол экономика ғылымдарының докторы, белгілі ғалым ретінде қаржылық талдау мен сараптаудың сара жолын салған саңлақ еді. Қай жерде, қай лауазымда болса да, халықтың ықыласына бөленген азаматтың парасатты биігі, іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті ел жадынан ошпайды.

Конференцияда қала әкімі Серік Қожаниязов күрделі экономикалық кезеңде елді қиыншылықтан алып шыққан қайраткердің еңбегіне тоқталды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

Татулық елшісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» тақырыбындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясына қатыстым. Өздеріңізге белгілі, жақында Қазақстан халқының бірлігі күні келе жатыр. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін аса маңызды мереке. Небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүрде. Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады.



Сессияда Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосқанын айтты. Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіруде. Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Оны өздеріңіз жақсы білесіздер.

Қазақстан – олар үшін туып-өскен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені. Әр азаматтың Отанға деген сүйіспеншілік сезімінен туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтыны белгілі. Еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да осында деп білеміз. Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы да бірлікке, татулыққа және өзара тілектестікке негізделуі керек.

ҚХА басты міндеттерінің бірі – халықты азаматтық бірегейлікті дамыту ісіне жұмылдыру. Сонымен қатар волонтерлік және қайырымдылық шараларға ұйытқы болу. Ассамблея мүшелері еліміздің болашағы жарқын болуы үшін еңбек ете беруді деп санаймын.

Айтжан ОРАЗБАҚОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығының
менгерушісі, облыстық ҚХА жанындағы
ғылыми-сарапшылық топ жетекшісі



Даму жолының бір бағдары

Біздің ойымызша, жаңа үлгі барлық азаматтар үшін экономикалық мүмкіндіктер мен нәтижелерде теңдікті қамтамасыз етудің бастамасы болады. Инклюзивтілік қағидасы экономикалық дамудың қоғамның барлық топтарына, соның ішінде маргиналды және осал топтарға да ықпалын тигізумен байланысты. Прагматикалық көзқарас экономикалық саясат пен реформаға нақтыланған тәжірибелік және шынайы тәсілдерді қабылдауды көздейді. Жаңа экономикалық үлгінің халықтың әл-ауқатын арттыруға бағдарлануы ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді.



Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жаңа гуманитарлық-идеологиялық доктринамен үйлестіруге ерекше мән беруі ұлттық саясат пен мақсаттардың стратегиялық үйлесімділігін көрсетеді. Гуманитарлық доктрина – азаматтардың әл-ауқаты, құқықтары мен кадр-қасиетін ілгерілетуге бағытталған қағидаттар мен саясатқа қатысты мәселе. Бұл мәселе әлеуметтік қызметтерді жақсарту, халықтың осал топтарын қорғау және барлық азаматтардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету жөніндегі бастамаларды қамтитыны анық. Ассамблеяны осы доктринаның гуманитарлық қағидасымен сәйкестендіру гуманитарлық мәселелердің күн тәртібінде жоғары тұруын қамтамасыз ете алады.

Идеологиялық доктрина әдетте, ел мен қоғамды басқаруға басшылық жасайтын негізгі сенімдер, құндылықтар және қағидаларды сипаттайды. Жаңа идеологиялық доктринаны ұсыну арқылы Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен басымдықтарын жаңа реалийлерге сәйкес нақтылау туралы белгі бар секілді. Бұл отансүйгіштік, мәдени мұра, экономикалық даму және еліміздің жаңа бағытын қалыптастыратын өзге де жетекші қағидаларға назар аударуға шақырады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясындағы бірлік, жасампаздық пен өрлеу тұжырымдары алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде шығармашылық пен инновацияны ынталандыру және прогрессивті ұлт ретінде жетістіктер жетуде ұлттық бірліктің маңыздылығын көрсетеді. Президенттің осы салаларға назар аударуы еліміздің алдында тұрған негізгі мәселелерін, ұзақ мерзімді даму мақсаттарын шешуге кешенді көзқарасты білдіреді. Бұл еліміздің тұрақты, инклюзивті және гүлденген болашағы туралы көзқарасты айқындайды.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдардың кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
облыстық ҚХА жанындағы
ғылыми-сарапшылық
тобының мүшесі

/// СЕССИЯ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕНДІГІ МІНДЕТІ

Айта кетейік, 25 сәуір күні ҚР Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтіп, нәтижесінде 78,9% дауыспен Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы сайланды. Бүгінгі сессияда ҚР Парламенті Сенатына сайланған Наурызбай Байқадамовтың мәслихат депутаты ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды.

Облыс әкімі Сенат депутатын жаңа қызметімен құттықтап, сәттілік тіледі.

Өңірде атқарылған ауқымды шаралардың әрқазынан табылып, облыстық мәслихаттың төрағасы ретінде халық қалаулыларын мақсатты жұмыстарға жұмылдыра білген Наурызбай Сейтқалиұлының еңбегін ерекше атап өту қажет. Наурызбай Сейтқалиұлы тарих ғылымдарының кандидаты ретінде ғылым саласында нәтижелі еңбек етіп, әр жылдары ауқымды, әрі күрделі сала облыстық білім басқармасының басшысы, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихаттың хатшысы, төрағасы, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы қызметінде нәтижелі жұмыстар жүргізді. Облыстық мәслихаттың және «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы ретінде жұмыстарды жоғары деңгейде үйлестіріп, ел мүддесі жолында адал қызмет еткен Наурызбай Сейтқалиұлына Сыр өңірі халқының және өзінің атымен алғысымызды білдіреміз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Наурызбай Сейтқалиұлына облыстың ең жоғары наградасы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Наурызбай Байқадамов «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихаттың 6-шы, 7-ші, 8-ші шақырылымында мәслихат хатшысы және өзге де жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Қызмет барысында өңірдің идеологиялық бағыттағы маңызды жұмыстарына атсалысып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты.

Сессияда аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерұлтанов қалыптасқан бос орынға 2023 жылдың 19 наурызынан бастап «AMANAT» партиясы облыстық филиалының партиялық тізіміне бірінші болып тіркелген Тілеуімбетов Мұрат Жолкелдіұлының жаңа депутат ретінде тіркелгенін хабарлады.

1-бет



Сонымен бірге, сессияда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес ашық дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен Тілеуімбетов Мұрат Жолкелдіұлы Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы болып сайланды.

– Осы кезге дейін Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқарып келген Тілеуімбетов Мұрат Жолкелдіұлы өздерінің қолдауларыңызбен қызметін Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы ретінде жалғастыратын болады. Мұрат Жолкелдіұлы – 15 жылға жуық мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі басшы. Осы кезге дейін атқарған қызметіне алғыс білдіріп, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы болып сайлануымен құттықтаймын! Қазіргі әлемде болып жатқан дағдарыс пен елде қалыптасқан қиын кезеңде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау бағытындағы жұмыстарды депутаттық корпуспен әрі қарай жандандырып, жүйелі түрде жүргізеді деп сенеміз. Алдағы уақытта бірлесіп атқарар жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мұрат Тілеуімбетов Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының басшысы және басқа да жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Жаңақорған ауданында 2 жылдан аса қызмет етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлесін қосты.

/// БАСТАМА

БІР ҒИМАРАТ, ҮЛКЕН МАҚСАТ

Биылғы «Руханият жылы» аясында Қызылорда облысының өнер және мәдениет саласында серпінді, жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Кешелі бері көпшілікті қуантқан ақжолтай жаңалықтың бірі – барлық аудан орталықтарында 11 млрд 500 млн теңгеге тәулік бойы жұмыс жасайтын кітапханалары бар «Руханият» орталықтарының құрылысы басталды.

Бейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданындағы «Руханият» орталығының іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Салтанатты шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ерғешбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, еңбек ардагері Әзія Қыстаубаева қатысып, аудан тұрғындары да жиналды.

Аймақ басшысы жаңа нысанның салынуына негіз болған мақсат, жас ұрпақ тәрбиесіндегі ардагерлер мен аналардың ролі туралы айтып, ауданның жетістіктеріне тоқталды.

– Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңіріне жан-жақты қолдауының нәтижесінде аймағымызда бүгінгі күні ауқымды жобалар жүзеге асуда. Экономиканың барлық тіректі салаларында тұрақты өсім бар. Жаңақорған ауданындағы серпінді өзгерістерді де атап айтуға болады. Биылғы аудан бюджеті 15 млрд теңгеден асты. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі түйткілді мәселелерді шешу, өмір сүру сапасын жақсарту жолындағы жобаларды жүзеге асыру жұмыстың басты бағытына айналды.

Бүгін – өңірімізде айтулы күн. Халықтың игілігі мен қуанышына қызмет ететін, аймағымызда бұрын-соңды болмаған жаңа сипаттағы, бірегей ғимараттың іргетасын өздеріңізбен бірге



қалаймыз. Алаштың анасы атанған киелі топырақта «Руханият жылының» жариялануының өзіндік терең тарихи мәні бар. Атадан балаға мирас болып келген ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде ұрпақтар сабақтастығын сақтау өте маңызды. Бұл – әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа ортақтандыру арқылы бюджет қаражатын үнемдеу, әкімшілік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін тың жоба. Жаңа ғимаратты адал еңбекпен несібе-сін тапқан құрыш қолды құрылысшыларымызға табыстап, сәттілік тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жаңа нысанның іргетасын қалау рәсімінде Мұрат Әбенев пен Әзія Қыстаубаева тұрғындарды құттықтап, ізгі тілек білдірді.

«Руханият» орталығының құрылысы жыл соңында, яғни желтоқсан айында бітеді деп жоспарлануда. Ғимарат екі қабатты, жалпы ауданы – 4850 шаршы метр, жалпы алаңы – 1816 шаршы метр.

Инфрақұрылымды дамыту – тұрғындардың тұрмысын жақсартудың маңызды қадамы. Бұл бағытта Жаңақорған ауданында жүйелі жұмыстар бар. «Сүттіқұдық», «Жайылма», «Қожамберді» елді мекендеріне орталықтандырылған ауыз су жеткізілді. «Жайылма», «Шалқия», «Құттықожа», «Кейден» елді мекендері табиғи газға қосылды. «Төменарық» ауылына «көгілдір отын» тартылуда. Ауданда 1 млрд теңгеден астам қаржыға 40 шақырым болатын 38 көше жөндеуден өтсе, енді 13 елді мекеннің көшелері жөнделеді.

Былтыр «Келінтөбе», «Қожакент», «Еңбек» елді мекендерінің электр желісі жанартылды, 6 елді мекенде («Сүттіқұдық», «Қандөз», М.Нәлібаев, Әбдіғалиев, Құттықожа, Манап) отбасы жұмыс күтілуде.

Өткен жылы Жаңақорған кентінде 50 отбасы баспанаға ие болды. Биыл 150-ге тарта тұрғын үй салынып, пайдалануға беріледі. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жаңақорған кенті мен Жаңарық елді мекенінде құрылыс басталды. Жаңа білім ордалары алдағы оқу жылында іске қосылады. «Ауылдық денсаулық сақтауы жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде «Қаратөбе» ауылында дәрігерлік амбулатория салынды. «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсекке арналған ауылдық аурухана құрылысына қаражат бөлініп, жұмыс жүргізілуде. «Келінтөбе» ауылында спорт кешені салынууда.

/// САПАР

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА АЙРЫҚША БЕТБҰРЫС

Бейсенбіде сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданында да «Руханият» орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ардагерлер, мәдениет саласының өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы барлық ауданда бой көтеретін «Руханият» орталықтарындағы кітапханалар тәулік бойы жұмыс істейтінін айтты. Тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалар ашу – Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған, кітап оқитын ұлтқа айналудың жолындағы аса маңызды қадам. Оның оқырмандарына әлемнің әр түрлерінде басылып шыққан көркем шығармалар, арнаулы әдебиеттер қолжетімді болмақ.

Мұнан бөлек, осы күні Шиелінің Жансейіт ауылында жаңа мектептің құрылысы басталды.

– Биыл облыс бюджеті еселеніп, 650 млрд теңгеден асты. Бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталған. Соның ішінде білім саласына бөлінген қаржы көлемі 263,8 млрд теңгеге жетті. Салада ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. «Білімді қолдау қоры» есебінен 7 млрд 900 млн теңгеге 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Облыс орталығында осы кезге дейін бір ғана «Оқушылар үйі» болса, «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» бой көтеруде. «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауына музыкалық колледждің жаңа ғимараты құрылысы басталды. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынууда. Жаңа білім ордасы озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалардың шамшырағын жағатын мекен болғай! Ұлтымыздың дамуында маңызды рөл атқаратын бұл жобаның басы-қасында жүрген құрылысшыларымыз



өз ісіне жауапкершілікпен қарап, құрылысты сапалы жүргізеді деп ойлаймын, – деді мектептің іргетасын қалау рәсімінде аймақ басшысы.

Екі қабатты ғимарат 100 орынға арналған, құрылысты «СМП-Қызылорда» ЖШС жүргізуде. Мектеп жыл аяғында пайдалануға берілімек.

Биыл облыста 7 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Жұмыс жаңа оқу жылы қарсаңында толығымен аяқталады. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12300 орындық 21 мектеп салынууда. Өткен жылы 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 11-нің құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 1 мектеп Шиелі кентіне салынады.

Екі ауылдық округке газ келді

Шиеліге жұмыс сапарында облыс әкімі «Алмалы», «Ақтоған» ауылдық округтеріне газ қосу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы «көгілдір отын» игілігіне кенелген «Алмалы» ауылдық округінің тұрғындарын құттықтап, елді мекендерді дамыту бағытындағы жоспарларды бөлісті.

– Шиелі ауданының бюджеті 15,8 млрд теңгеге жетті. Бұл ауқымды қаражат халықтың әлауқатын арттыруға, тұрмыс сапасын жақсартуға



Суреттер түсірген Бағдат Есжанов

жұмсалуда. Бүгінде сырбойлықтардың 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Биыл 5 млрд 400 млн теңгенің 14 ауқымды жобасы жүзеге асырылады. Осылайша 2025 жылға қарай облыс тұрғындарының 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар 4 млрд теңгеге аймағымыздағы 12 елді мекенді газға қосу жоспарланған. Наурыз мерекесі қарсаңында Шиелі ауданының «Бестам», «Телікөл», «Ақтоған» ауылдарына табиғи газ барды. Бүгіннен бастап «Ақтоған» және сіздердің ауылдарыңыз «көгілдір отын» қолданады, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Ауыл тұрғындарын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев пен еңбек ардагері Абдрахман Мұсайымов құттықтады. Іс-шарада аудан дамуына үлес қосқан азаматтар мен ардагерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сондай-ақ осы күні газ қосу рәсімі «Ақтоған» ауылдық округінде де өтті. Рәсімнен кейін облыс әкімі газ қосылған үй иелеріне ізгі тілегін білдірді.

Облыс әкімі ауыл тұрғындарымен кездесті

Облыс әкімі Жансейіт, «Ақтоған» ауылының тұрғындарымен кездесті. Халықтың талап-тілегін тыңдап, сауалдарына жауап берді.

Басты мақсат – халықтың тұрмыс қажеттілігін,

яғни жол, су, жарық, газ мәселесін шешу. Осы жылы Қызылорда облысында 12 елді мекен «көгілдір отынға» қосылады. Наурыз мерекесі қарсаңында Шиелі ауданының «Бестам», «Телікөл» ауылдарына, осы жолы «Ақтоған» және «Алмалы» ауылдарына табиғи газ жеткізілді.

Кейінгі кезде тұрғындар тозығы жеткен электр желілеріне қатысты түйткілді кездесулерде жиі көтеретін. Осы орайда, Шиелі кентіндегі электр желілерін қайта құрылымдауға өткен жылы 100 млн теңге, биыл 619 млн теңге қаржы қаралып, ескірген трансформаторлар мен желілер ауыстырылуда. Жобалық құны 4,5 млрд теңгеге болатын Шиелі кентіндегі қосалқы станцияны қайта жаңғыртуға Ұлттық қор есебінен 1,5 млрд теңге бөлінген.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Бидайкөл», «Жиделіарық», Ә.Тәжібаев ауылдарының сыртқы электрмен қамту желілерінің құрылысына республикалық бюджеттен 153 млн теңге қаралды.

Шиелі ауданында 3 млрд 250 мың теңгеге 21 шақырым жол жөндеуден өтеді. Оның ішінде, аймақ тұрғындары көптен бері мәселе етіп көтерген «Самара-Шымкент-Жөлек» жолы орташа жөнделеді. Аудандық маңызы бар «Шиелі-Қоламанов» жолындағы көпірді күрделі жөндеуге 311 млн теңге бөлініп, қазір жұмыс қарқын алған.

«Ауылдық денсаулық сақтауы жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Шиелі ауданының 5 елді мекенінде («Ортақшылы», «Алмалы», «Бестам», Ә.Тәжібаев, «Тартоғай») а/о дәрігерлік амбулатория, Шиелі кентіндегі ауданаралық көпбейінді аурухана жанынан қосымша нысан салынады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Шиелі ауданына 1 мектеп салу жоспарланған. Жансейіт ауылында жаңа мектептің құрылысы басталды. Шиелі кентінде спорт кешені мен «Бестам» ауылында 150 орындық ауылдық клубтың құрылысын бастау үшін тиісті қаржы бөлінді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



АПАТ ЗАРДАБЫН ЖОЮШЫЛАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Чернобыль оқиғасы – кеңес дәуіріндегі ең қайғылы кезең. Мыңдаған адамның өмірін жалмап, миллиондаған тағдырды төлкек етті. Өсіресе АЭС-тегі апатты ауыздықтау үшін аттанған сарбаздардың денсаулығына келген зиян лайықты бағасын алмай келеді. Сондықтан жыл сайын қайғылы оқиғадан зардап шеккендерді еске алу шарасы тұрақты түрде өтуде. Биыл да сырбойлықтар аталған бағытта еске алу митингін ұйымдастырып, құрбандарға құрмет білдірді.

«Тағзым» алаңында апат салдарын жоюға қатысқан азаматтарды еске алып, айтулы оқиға куәгерлері естелік айтты.

Жыныға қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов, қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұмабек Шахатов пен ардагерлер қатысты.

Шараға жиналған қауым ізгі қоғам, жарқын болашақ үшін жасампаз қадам жасап, Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан азаматтардың рухына бас иіп, бір сәт үнсіздіктен еске алды. Құран бағышталып, гүл шоқтары қойылды. Сондай-ақ жиылғандар апатты залалсыздандыруға барған қызылордалықтардың ерлігі туралы естелік айтты.

«СБ» ақпарат

/// ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

БІЗ ОСЫ ҚАЙ АЙРЫҚТА ТҰРМЫЗ?

Медицина саласының кеше мен бүгін туралы ой-толғам

Бостандық, бірлік, тұрақтылық, өркендеу секілді құндылықтардың арқасында қол жеткізген тәуелсіздік – біздің басты байлығымыз. Туған өлкеміз Сыр өңіріндегі денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер, өрлеуі мен құлдырауы, еліміздің тәуелсіздік тұсындағы қайта қараштауы менің көз алдымда өтіп келеді.

Жасыратыны жоқ, 1990 жылдардың бас кезінде облыста халықтың аурушандығы етек ала бастаған болатын. Әсіресе, әлеуметтік мәні бар аурулардың көрсеткіші жоғарылап кетті. Медицина мекемелерінің құрылысы немесе күрделі жөндеуден өту мәселелері тұралап қалған. Әйелдердің туу көрсеткіші төмендеп, халықтың демографиялық көрсеткіші азая бастады. Дәрігерлер мен орта буын мамандар саны кеміді.

КСРО-да медицина тегін болды, дәрігердің еңбегі сыйланбағандықтан үкіметтің дәрігерлерге бөлетін еңбекақысы да мардымсыз еді. Дәрігер заң алдында да, науқас алдында да қауқарсыз (құқықсыз). Медицина ресми түрде медицина қызметі саласына жатқызылып, яғни тұрмыстық қызмет жұмыскерінің қатарына теңестірілген (химиялық газарту, жабдық жөндеу) болатын.

Дегенде, кеңес дәуіріндегі дәрігердің басты мақсаты науқастарды емдеу, сол мақсатқа жету де бірінші кезеңде ар мен ұят тұратын. Қолында заманауи дәрі-дәрмек, жабдық, әдістер болмаса да, қоғамның құрметіне әрқашан ие болды.

Ашық қоғам болған соң, әртүрлі пікір қалыптасатыны заңдылық. Кейінгі жылдары облыстық денсаулық сақтау саласының дамуына байланысты емханалар мен ауруханалардан сапалы ем алу жылдан-жылға өсіп келеді. Атап айтатын болсақ, жүрек науқастарын емдеу, миға, буындарға және бүйрекке ауыстыру мәселесі жолға қойыла бастады. Әрине, бұл жағдай медицина мекемелерінің қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне тығыз байланысты.

Мысалы жүрекке ота жасау Германияда 30 мың АҚШ доллары, Ресейде 12-15 мың доллар, Литвада 12 мың доллар. Ал бізде тегін, МӘМС есебінен төленеді. Сол сияқты құны жоғары басқа да күрделі оталар өзімізде кеңінен жасалып жатыр.

Емдеу орындарын қазіргі заманға сай жоғарғы технологиялық КТ, МРТ аппараттары науқастарға ми, қан айналымы кеселдеріне жедел түрде толық зерттеу мүмкіншілігін жүргізіп, емдеу тәсілдерін анықтауға зор пайдасын тигізуде. Бұл тәсіл облысымызда кеңінен пайдалануда. Өздеріңізге белгілі 2009 жылы облыстық ауруханада кардиохирургиялық орталық ашылып, науқастарға коронаграфия, артерияға стент қойылып, жүрекке ашық ота жасалуда.

Кейінгі жылдары өмір сүру ұзақтығы 72,8 жасқа жеткені куәландырады. Өлім көрсеткіші азайып, жаңа туған нәресте өлімі төмендеп келеді. Әлеуметтік науқастар саны жылдан-жылға кемуде. Еліміздің болашағы ана мен бала денсаулығына байланысты мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Қызылорда қаласында салынып жатқан көпбейінді қалалық аурухананың жанынан екінші перинаталдық орталық ашылмақ. Аурушандықты анықтау тұрғысында скринингтік тексеруден өткізу жолға қойылып келеді.

Айта кететін жағдай, бүгінде Сыр өңірінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылууда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен өңірімізде жалпы құны 11 млрд теңге құрайтын 27 нысан салу 2023-2024 жылдарға қарастырылған. Өткен жылы 16 дәрігерлік амбулатория іске қосылды, қалған нысандар осы жылы іске қосылатыны анық. Сонымен қатар құны 2 млрд 900 млн теңгеге құрайтын «Қан орталығы» жұмысын бастайды, құны 36 млрд 400 млн құрамында онкологиялық бөлімшесі бар көпбейінді қалалық аурухана құрылысы басталып кетті.

Жақында облыстық перинаталдық орталықтың 70 орындық бөлімшесі облыстық көпбейінді аурухананың құрамында іске қосылды. Бөлімше жана аппараттарымен қамтамасыз етілді. Өңірімізде медицина саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылууда. Өткен жылы жедел жәрдем стансасы 100 процент қолікпен қамтамасыз етіліп, биыл облыс-

тық медицина мекемелеріне 200 автокөлік сатып алынбақ.

Бұрынғы медициналық нысандарды күрделі жөндеуден өткізуге 700 млн теңге қарастырылып, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры кейінгі 2 жылда аймақтың денсаулық саласына 2 млрд теңге қаржы бөлді. Респубикада біздің облыс үшінші болып онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етілді. Мамандардың біліктілігін арттыру мәселесі назардан тыс қалған емес. Сонымен жоғарыда айтылған мәселелер, сөз жоқ, халқымыздың денсаулығын жақсартуға оң әсер ететіні, науқастарға сапалы көмек көрсетілетіні анық.

Облысымызда денсаулық сақтау саласына 2023 жылы 126 млрд 56 млн теңге бөлінсе, 2024 жылы 134 млрд 460 млн теңге қаржы қаралған.

Қазіргі уақытта дүниені ақша билеген заман. Ал ең үлкен ақша фармацевтикалық компаниялардың игілігінде. Бұл – наркотикпен, қару-жарақпен, мұнай және газбен тең келетін зор бизнес. Жыл сайын жаңа препараттар шығарылатыны сөзсіз. Науқас үшін әр таблетка – престолен 1-2 килограмм шөптен тұратын, концентратталған химиялық у. Әр таблетканың емдік қасиетімен қатар кері әсері болатыны белгілі. Түрлі ауру кезінде қабылданған дәрілердің көрсетілімдері толық анықталған.

Соңғы жаңалықтарға байланысты мен медицина саласының ардагері ретінде бірқатар мәселені алға тартсам деймін.

Облысымызда денсаулық сақтау саласы бойынша бірсыпыра жұмыстар жүргізіліп жатқаны жоғарыда айтылды. Қазіргі кезде саланың материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығайтып, жаңадан салынған емханалар мен ауруханалардың саны көбейіп келеді.

Оларды заманауи медициналық құралдармен қамту мәселелері біршама жолға қойылған. Осыған байланысты халық арасында аурушандық азайып, науқас көрсеткіштері төмендеп келеді.

Адамның басты байлығы – денсаулықты қорғау оңай шаруа емес. Дәрігер – қиын мамандық. Өлім мен өмір күресінің арасында еңбек етеді. Біздің ниетіміз де, басты мақсатымыз да – науқасқа дер кезінде, сапалы медициналық көмек көрсету.

Денсаулық сақтау қызметі жайлы бүгіндері аз айтылып жүрген жоқ.

Тәубе, қол жеткен жетістіктеріміз аз емес. Мемлекет, облыс тарапынан халық денсаулығын жақсарту мақсатында тұрақты қолдау көрсетіліп келеді. Ең керекті, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде көрсетілген кепілдендірілген медициналық көмекті республика бойынша әр адам, әр тұрғын пайдалануда.


Дегенде, бүгінде медициналық көмекке байланысты шешімін таба алмай жатқан сұрақтар да жеткілікті.

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде стационарға жатып емделушілер саны жыл сайын қолдан шектеліп, барынша қысқартылууда. Онда тек негізгі қатаң дертін емдеу керек, басқа қосалқы ауруларын емдеуге құқы жоқ. Ол бөлімшеде қосалқы ауруларына дәрі-дәрмек қарастырылмаған, науқас өтінішін орындай алмай-сың, қалтасынан шығаруға мәжбүр. Егер олай етпесек, қадағалау орындары айыпшұл салып, науқасқа жұмсалған қаржыны кері қайтарып алумен шектеледі. Бұл жағдайда, дәрігер науқасқа заман талабына сай тиісті ем-домын жүргізіуі екіталай.

Тағы бір түсініксіз жағдай, ауруханаға бір жылға ем-домға бөлінген қаржы он екі айға бөлініп, сол қаржыға қарап ауру санын реттеп отыруымыз керек. Ал аурудың санын қалай алдын ала жоспарлауға болады? Бұған басыңыз ауырмасын, жоғарыда белгілеп қойған.

Мұның салдарынан ауруханаға жоспарлы аурулар саны кеміп, жоспарсыз түскендер саны артып келеді. Бұл жерде шешілмеген мәселелер бар.

Оған қоса кейінгі жылдары он-



тайлау реттеліп, бөлімшелер біріктіріліп науқастарға сапалы көмек көрсету мүмкіншіліктері де шектелуде.

Көпшілік әлі күнге дейін түсіне бермейтін мәселе – аурухана мен емхана арасындағы жүріп жатқан портал, квота. Бұл да – дәрігерлердің жүйкесін жұқартқан мәселенің бірі тармағы.

Қазіргі кезде денсаулық сақтау ісі халықтың көңілінен шығып жатыр деп айта алмаймыз. Оған себеп – науқастардың арыз-шағымдары. Мысалы облыстық денсаулық сақтау басқармасына 2023 жылы ғана 2583 арыз-шағым түскен, (2022 жылы 1989), яғни 29,8 пайызға көбейген.

Облыста жыл өткен сайын жеке медициналық орталықтар саны көбейіп келеді. Быыл 277-ге жетті, оның ішінде 83-і мемлекет қаржы есебінен. Жекеменшік орталықтар керегі бар, тұрғындарға жақын әрі науқастарға уақытылы дәрігерлерге көрініп жеңіл-желпі ем-домын алуына ғана. Ал қатаң аурулар сөз жоқ, ауруханаларға жіберіліп жатады. Сапалы медициналық көмекті науқастар тек қана көпсалалы ауруханаларда ала алады. Оған қоса ауруханада науқастардың емделу мерзімі шектеулі емес.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді. Халық МӘМС-тің қызметіне наразы, жұмысын қатаң сығана алып жатса да, баяғы «Әлімбайдың таяғы».

Мәселе әлеуметтік медицина сақтандыру қорына түскен қаржыны тиімді пайдалануда болса керек. Міндетті медициналық сақтандыру қорын мойындатқан тәжірибе осыдан басқа жол жоқ деп түсіндірген болып жатыр. Неге болмасын? Өзірге жауап жоқ. Қазіргі таңда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мемлекет үшін ең маңызды жоба болып тұрғаны жасырын емес. Қазақ елінде денсаулық сақтау саласында бір тұрақты жүйе-платформасы жоқ. Сырттан алып келген денсаулық сақтау жүйелері тамырсыз. Қолданыста жүрген айта алмаймыз өзгеріске ұшырамай келеді. Науқастарға қол жеткізуге қиыншылықты, жел қай жатқан тұрса, сол жаққа ауып кете береді. Сондықтан денсаулық сақтау саласы жүйесін қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшіруді тәртібін әзірлеген жөн, яғни, елдік жүйе керек, оған біздің мүмкіндігіміз бар, жеткілікті ресурстар да, қабілетті мамандар да табылады. Бұл халқымыз үшін де, дәрігерлеріміз үшін де өте маңызды деп білемін.

Бұл тұрғыда денсаулық сақтау саласы бұрынғы ҚСРО жүйесін қайталау деген емес. Халыққа тиімді болып жатса неге қайталамасқа?

1978 жылы Алматы қаласында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының конференциясында 134 ел қатысуымен кеңестік жүйені тиімді деп қабылдаған болатын. Болашақты болжаушылар (фуртурологтар) XX ғасыр

аяғында кез келген негізі бар ауруды жоюға қол жетеді, жасанды қан жасалады, қатерлі ісікке шалдыққандардың төрттен үш сауығады, торыгулар, яғни депрессия жазылады деп есептеді. 2000 жылдардың бас кезінде картау үрдістерін тежеу, сондай-ақ өмір сүрудің орташа жасы шамамен 92 жыл болады деп болжады. Бұл сауегейліктің ешқайсысы да өзін-өзі ақтамады.

Дегенмен, ішкі ауруларды емдеу ісінде көмекке трансплантация келді. Кейбір ішкі ағзаларды, буындарды, жілік майын, қан тамырларын ауыстыру мүмкін болды. Бұның бәрі біз қалағандай әрқашан тез бола қоймайды. Конфуций айтқандай «Болашаққа баяу қадамдармен ілесіп жүруге тура келеді». Әрине, денсаулық саласын модернизациялау қажет. Ол құқықтық ретте, механизмін жаңарту медициналық көмек көрсету жүйесін өзгертуді, сондай-ақ жоғары технологиялық көмекті дамытуға ұсынады.

Менің ойымша, денсаулық сақтау дамуында «Бірінғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі» елеулі орын алуы тиіс.

Дегенмен бұл жүйенің механизмдері толық шешілді деуге болмайды.

Дәрігер мәртебесін көтеріп, медицина қызметкерлерінің мүддесі қорғалуы керек. Бұл тек қоғамның ғана емес, шенеуніктердің де мүддесі болуы қажет. Бай адамдардың АҚШ, Германия, Швейцария, Қытай, Корея және тағы басқа елдерде ем алуға мүмкіндіктері бар болғанымен, инфаркт, инсульт, жол апаты жағдайларында уақыт шектеулі. Сондықтан, жеке өмірін сақтап қалу мақсатында тұрған жерімізде медицина саласын нығайтуға олар да қаражат жұмсауы қажет.

Мен Еуропа елдерінде бірнеше рет болғанмын. Берлиндегі «Шарите» госпиталінде болып, тану, ота жасау бөлмелеріне арнайы кіріп таныстым. Көздің тоттау мүмкін емес. Әр манипуляцияға өзінің арнайы материалы бар.

Заманауи КТ медицина әдістері мен радиациялық зерттеу әдістеріне байқап қарау туралы дәрігерлерге де, науқастарға да әрқашан ескертілуде. Адам ағзасына зиян екеніне қарамастан, бұл әдістер кеңінен қолданылуда.

Компьютерлік томография дегеніміз не? Бұл бір мезетте 120 рентгендік суретке түсу деген сөз. Қысқа мерзімде компьютерлік томографияға бірнеше рет түсу, сәулелендіру алғанмен пара-пар, (РАН академигі Ю.Бузишвили) яғни иммунитеттің күрт әлсіреуі әртүрлі ауруларды қоздыру, КТ-ға қатаң түрде тек қана дәрігердің нұсқауымен, 3-6 айда бір рет түсіру керек.

Денсаулық саласының өзекті мәселесінің бірі – саламатты өмір салтын қалыптастыру. Әр адамның өз денсаулығын өз қолында екенін тұрғындарға жеткізу негізгі мақсатқа айналды.

Бүгінде бәлкім, дерттің алтын алу үшін ең болмағанда төрт ұсынысты ұстану қажеттігін естіген адам жоқ шығар. Физикалық белсенді болу, ұтымды тамақтану, зиянды әрекеттерден аулақ болу және жүйке жүйесін сақтау. Көгер көзге дүркін естілуі мүмкін, солай да болар. Бірақ қазіргі заманғы медицина денсаулыққа және ұзақ өмірге деген сенімділікті осы тұрғыдан көреді.

Дерттің алдын алудағы қозғалыс белсенділігінің пайдасы сөз жоқ, орасан зор. Дене шынықтыруды дәріптей отырып, әсер етудің бұл күшті құралдарын жеке-дара денсаулықтың жай-күйін ескере қолдану қажет.

Аурушандықтың көбеюіне артық салмақ, семіздіктің әсері бар екені дәлелденген. Артық салмақ, бұрын егде адамдарда байқалатын болса, қазіргі заманда балалар арасында жиі кездесетін болды. Қимыл-қозғалыс азайған кезде, бірнеше аурудың түрі кездесетіні белгілі. Осы орайда, ата-аналар балаларды дұрыс тамақтандыру, іс-қимыл белсенділігін арттыру жолға қойылуы тиіс деп есептейді мамандар.

Дегенде, барлық дерт соны науқастың толық айығумен аяқталмайды. Оның ондаған себебі бар. Медициналық қызметтің ақауы салдарынан адам өлімі немесе өміріне қауіп төнетін жағдай туындаса, онда бұл жағдай азаматтық әкімшілік, ал кейбір жағдайда қылмыстық іске жетелейді.

Қателіктер міндетті түрде бо-

лады, мәселе – жауапкершілікті арттырып, қайткен күнде қателікті болдырмау.

Бүгінде әртүрлі заттарды пайдаланатын көріпкел, әулиелер, саны көбейіп, халықтың санасын уландырып, науқастың ауруының онан әрі асқинуына себепкер болып жатқаны жасырын емес. Мәдениет пен білімнің еш толассыз астақан тұсында өз денсаулығын және кейде өз өмірін тәуелкеге душар ететін аңғал адамдардың табылуы қалай деген заңды сауал туындайды.

Кейбір жағдайларда науқастар тәуіпшілік пен халықтық медицинаны шатастырып алған. Дегенмен соңғысын медицина ғылымы ешқашан жоққа шығармаған және оның прогресстік мәнін ешкім теріс деп айта алмайды.

Бір нәрсе бізге анық, қандайда бір ауданда немесе қалада тәуіптік пайда болуы – сол жердегі медициналық көмектің кемшілік белгісі. Бұл – ащы да болса шындық.

Әсіресе, кейінгі жылдары көпшілік арасында дәрігерлердің біліктілігіне сын айта басталды. Орта буын медицина қызметкерлерінің де білімі оңып тұрған жоқ. Бүгінгі дәрігерлер құрметтен айырылған құқықсыз, шарасыз, сөзіме кешірім сұраймын ысырып тастауға, сатып алуға, «сен» деп қасына шақырып алатын жағдай да болады. Мұндай жағдайда кейбір дәрігерлер «сыйластыққа» өзі кінәлі. Себебі заманауи деген жеке медицина бір ғана мақсатқа ие – олжалы болу.

Бір нәрсе мазаласа, яғни денсаулығы жоқ болса, атак та, билік те, данк та керегі жоқ. Күні жақын адамдар бәрине де дайын.

Осы жағдайларға бір ғана себеп – дәрігерлердің ақылы білім алып жатқаны. Өйткені жеке жоғары және орта ақылы оқу орындарында ақша мәселесі шешіледі болды. Жеке кәсіпкерлерге білім емес ақша керек. Бұл енді шындық.

2020-2022 жылдар аралығында бүкіл дүние жүзіндегі халыққа қауіп-қатер әкелген «COVID-19» індеті бүгінде қайта түрленіп, «Омикрон» вирусына айналғаны белгілі болды. Бұл індетке мемлекетіміздің дайындығы қандай? Әлде қауіп үйреншікті жағдайға айналған сияқты ма? Шын мәнінде ұзақмерзімді торығу болуда, қайта толқын ықтималы жоқ емес. Өзгеретін жағдайларға бейімделу керек болатын шығар. Қауіпсіздік шараларын ұстану – басты міндет.

Дәрігерлерге жастық араша бола алмайды. Сондықтан, жастарымызды инициативтік алға тарту мінезі болуға тиіс. Сонда ғана профессионалдық қызмет көрсете алады. Адам мамандығының құлы болмай, еңбегінің құлы болмайды деген қағида бар.

Ащы болса да айтайын, «Талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен тең» деген дана халқымыз. «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» дейді Абай.

Қай салада болмасын, жағдай бір орында тұрмайды. Бұл жерде медицинада ұдайы жана идеялардың, жаңа тәсілдердің туындайтыны анық. Бұл ретте дәрігерлер үшін маңызды міндет емдік-диагностикалық процестің сапасын арттыру болып есептеледі және солай болып қала бермек.

Халықта «философия – ғылымның патшасы» деген, алайда бүйреккегі тастан қутылу үшін сізге философ емес, уролог дәрігер керек. Дәрігерлік істе көптеген мамандандырылған бөліктер бір-бірімен астасып және түйісіп жатады. Бұл ең алдымен дәрігерден, одан кейін сырақат, әрі қарай әлеуметтік саяси жағдайлар.

Медицина саласында кемшіліктер аз деп айта алмаймыз. Бірақ, бір нәрсеңіз басын ашып айтуымыз керек. Бұл кеше, бүгін емес, осыдан бірнеше жыл бұрын туындаған, туралап келе жатқан сауалдар десек болады.

Біздің қай жерде тұрғанымыз маңызды емес, мәселе қай жаққа қарай бет алып бара жатқанымыз болса керек.

Біздің арманымыз – еліміздің баянды болашағы, барлық тілегіміз жас мамандардың үлесінде. Олардың бақытты өмір сүріп, халыққа сапалы медициналық көмек көрсетіп, адал қызмет жасауын қалаймыз. Бұл – біздің үлкендік ақ тілегіміз. Мақаланың мақсаты да осы.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
«Қазақстанның еңбегі сінген дәрігері», облыстың Құрметті азаматы

ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

Нөпір қардың суы елді өбiгерге салып жатқанда, елең етпей отыра алмадым. Жақында ғана Арал теңiзi ұлтанының тағдырына ден қойып, талдап облыстық «Сыр бойы» газетi арқылы елге жария етiп едiк. Ендi солтүстiк жақтағы 9 аймақ күтпеген, телегей-теңiз суға қарылып, зардап шеккен халыққа Алладан сабыр тiледiк. Арамыз алыс болса да күрiшшi ардагерлер мен отбасымның атынан Жаратушыдан күнде тiлеп отырмыз. Күнi кеше бiресе ылғал тапшылығын көрiп, бiресе жаңбырдан қиналған солтүстiк халқының дүние-мүлкi, үйi, қора-қопсысы, малы қардың нөпiр суы астында жайрап жатады дегенге кiм сенген?!



Оны теледидардан көргенде төбе шашымыз тiк тұрды, денемiз тiтiркендi. Қыстайғы екi метрден астам қар ерiп суға айналатынын, мұздың кесiрiнен тебiн малы жылқының аштан өлiп жатқанын, жылымықтан ерiген қар суының жерге сiңбей нөпiр болып жұлқынып ағатынын солтүстiктiң бiр маманы, ғалымы, қарты бiлiп-сезбегенiн естiгенде, намыстан булығып кеттiк. Не деген бейқам халық едiк?! Бұл маман басшылардың мiнезсiздiгiнен, ой еркiндiгiнен айырылған жасықтығынан, әсiресе, бiлiмсiздiк пен немқұрайлылықтың салдары едi. Ендi бұл сынақтан қорытынды шығару бiзге өте қажет-ақ.

Мынау Үкiметтiң жұмысы, ал мынау бiздiкi деп бөлiнуден де тез арылайық, ағайын! Оянайық! Қандай да қиыншылықты басқа елдердегiдей жеңуге болады. Мысалы, Нидерландыдан, Жапония елдерiнен үлкен тәуекелшiлдiктi, жақсы көрушiлiктi, қайсар мiнездi, бiлiм-ғылымға құштарлықты үйренiп, осылардың қатарына жетуге талпынайық, ұмтылайық! Қанша намыстансам да, кiжiнсем де, бейқам мiнездi халқымыз аядым.

Адам бейқам болса, санасын немқұрайлылық билесе, ерен тiршiлiкке ұмтылудан айрылады. Тоғыз ай суықта бұйығып ұйықтап, малға да жөндi қарамай, жайбарақаттыққа салынсаң, iшкi-сыртқы жау көзiне iлiкпесiңе кiм кепiл, ағайын?! Үш қасiреттi – немқұрайлылықты, бейқамдықты, бiлiмсiздiктi бойымыздан аластайық. Осылардан туындаған жайбарақаттық бiздi апат қасiретiне душар еттi, одан келетiн зардапты сездiрмедi. Ендi осы бейжайлықтан арылу жолын қарастырайық, бiрлесiп талдайық, ақылға салып, бiрлiкке келеiк.

Бiрiншi жолы, бiз табиғатты өзiмiзге жау көрмейiк. Табиғат күшiн сезiндiк, ендi онымен санасуды ешуақытта ұмытпайық. Ол үшiн бiз табиғат деген ұғымды адамзат мекенi, тiршiлiк кеңiстiгi мен әлемi деп түсiнейiк. Аялайық, оның күшiне жүгiнгейiк дегiнiмiз сондықтан. Мысалы, табиғатпен алысамыз деп жүрiп, Арал теңiзiнiң нәсiбi – балығынан жөнөзiнен де айырылды. Ендi оның табаны шөл құмының отаны болып қалды. Кезiнде Аралға құятын Әмудария суын тоғандадық. Сырдария суын күрiшке тартпақтап, қалған Кiшi Арал теңiзiнiң суын суалттық. Су шексiз емес екен. Дариялар суын оңды-солды жұмсап, Арал теңiзiнiң қазандығын суға жарытпаған өзiмiз – адам iсi. Осылай адамдар атмосферада құралатын климатты бұзды. Оңды-солды пайдаланып, өндiрiстi дамытып, көмiр түтiнiн будақтатып, атмосфераның құрамын өзгертiп, климаттың тұрақты занын бұзды. Жарты ғасырдан астам өндiрiс түтiнiне, пеш және автомобиль, паравоз түтiнi қосылып, балансты бұзды.

Сонымен жер шарының ауа райы қалыпты ритмiнен айрылды. Салдарынан климат тұрақсызданып, қар орнына, кейбiр жерге жаңбыр жауды, жаңбырлы жерге құрғақшылық

сiрiнен солтүстiктiң 9 аймағы қар суының астында көрмегендi көрiп жатыр. Егiс топырағы қарап жатқан жоқ, ол да өзгерiске душар болуда. Жер құнарының күрделi қосылысы ыдырауға жақын. Батпақтану, тұздану про-

ТАБИҒАТ

тепе-теңдiк заңына бағынады

орнады да, күтпеген аймаққа тасқын су келдi. Осының салдарынан 1 метрдей қар жауатын солтүстiк аймаққа (Ресей, Қазақстан жерiне) 2 метрден астам қар жауды. Қар белдерiнiң ортасында қалың мұздақ бар, оның

сай арықтармен қамтамасыз етiлуi керек. Арық суы кәрiзге қосылады. Сонда ауыл ауласында, қала аймағында су iркiлiп жатпай, тез сыртқа шығарылады. Даладағы егiсте, жайылымда су жатып қалса, егiс-жайылым бетi тұзданады не батпақтанады. Олар өнiмдi кемiтедi. Аталған мамандарға ағылшын тiлiн үйретiп, шет ел жетiстiктерiн, Жапониядан, Италия, Испания, Германия елдерiнен үйренiп, игерiп келуге жiберу жоспардан тыс қалмауы керек.

Сонымен ұсынылған жоба қандайда су тасқынының қатерсiз-қаперсiз жағын ойдағыдай қамтамасыз етедi. Ұтатынымыз, бiрiншiден, су әбiгерi, залалы, шығыны азаяды, екiншiден, қатерi сейiледi. Тiршiлiкке кедергiсi кемiп, Арал қазандығы-Кiшi Арал теңiзi сулы болады. Арал қазандығы солтүстiктен (Қазақстанның 9 аймағынан, Ресейден) Жайық өзiнiмен келетiн небiр нөпiр тасқын суды еркiн қабылдайды. Қаперсiз жоба дейтiнiсi осыдан.

Үшiншiден, кешендi бiлiмдi кадр, өзi биолог, мелиоратор, агрохимик, топырақтанушы (почвовед) мамандықтарын саналы меңгерген, гидрогеологиядан хабары бар, толық агроном барлық жерге, солтүстiкке, Қызылордаға және басқа да аймақтарға керек-ақ. Себебi су жер бетiн аздырады. Солтүстiк, Қызылорда және басқа да аймақтар бiлiктi, тәжiрiбелi әрi кешен-

Дипломы агрономия, агрохимия мен топырақтану және су жүйесiнен кешендi жұмыс болғаны дұрыс. Осы мамандықтар ауыл шаруашылығы институтында (қазiргi аграрлық университет) қазiрге дейiн оқытылатынын бiлемiз. Бiрақ агрономия факультетi студенттерi бұл кешендi мамандықтарға аса зейiн қоймайтынын мойындауымыз керек. Сондықтан кешендi мамандықтар студенттердiң ден қоюын ұстаздар қадағалауын өтiнiшпен айтамыз.

Мысалы, Арал өңiрiнiң егiсiнен күрiш дақылы көлемi, толық болмаса да су мөлшерiне байланысты қысқартылса мол судан аз суға көшкенде, топырақта тамақтану жолы өзгерiске ұшырайды. Кәрiз жұмысы осы кезде де керек. Себебi жерасты тұзды суы денгейi 2 метрден төмендегенше егiс топырағының бетiне шығуға талпынады. Бұл – белгiлi физикалық құбылыс. Ол процесс өрiстеп, кәрiз бiтелiп, мiндетiн толық атқара алмаса, жер бетiне жерасты тұзды суы шығып, екiншi тұздануға жол бередi. Жел мен ыстық жерасты суының денгейi үзiлгенше, егiс бетiн тұздандырады. Сондықтан, кәрiздi тазалауға қаражатты бөлудi жоспардан шорт кесiп алып тастамау керек! Жерасты суының денгейi 3 метрдей жетпесе де, кәрiздi соңғы рет тазалауды жоспарға кiргiзген дұрыс болады және ол топы-

” Адам бейқам болса, санасын немқұрайлылық билесе, ерен тiршiлiкке ұмтылудан айрылады. Тоғыз ай суықта бұйығып ұйықтап, малға да жөндi қарамай, жайбарақаттыққа салынсаң, iшкi-сыртқы жау көзiне iлiкпесiңе кiм кепiл, ағайын?! Үш қасiреттi – немқұрайлылықты, бейқамдықты, бiлiмсiздiктi бойымыздан аластайық. Осылардан туындаған жайбарақаттық бiздi апат қасiретiне душар еттi, одан келетiн зардапты сездiрмедi. Ендi осы бейжайлықтан арылу жолын қарастырайық, бiрлесiп талдайық, ақылға салып, бiрлiкке келеiк.

асты тоң, жылымықтан ерiген су жерге сiңбей, мұздақ пен тоң кесiрiнен екiншi нөпiр ағысты жойқын су ағынына ұласқаны сондықтан.

Былтыр осы солтүстiкте қуаңшылық болып, орман өртiмен алысты. Был нөпiр су тасқынының зардабына душар болды. Мұндай тағдырды климат өзгерiсi жасап отырса, ал климатты бұзған терiс тiрлiкшiл және терiс мiнездi, менменшiл адамдар. Олар табиғат занын неғылсын, өндiрiсi өркендеген шет елдiң азаматтары. Оған пештен шыққан көмiр түтiнi үлесiн қосты. Былайша айтқанда, дамыған елдердiң өмiр сүру жүйесi табиғат заңына сәйкес келмедi. Осындай белгiлi терiс себептерден климат бұзылды. Кiм кiнәлi дегенге адамдардың тiршiлiк жүйесi деп жауап беремiз.

2020-2024 жылдары климат өзгерiсi ашық айқындала бастады. Орман өртi ырық бермедi, тасқын су елдi мекендi алды, қуаңшылық жер-жерге азық-түлiк таршылығын туғызып жатты. Бұл табиғат ашуы едi. Апат, аштық пен жұтты қатар әкелiп, магнаттардың сағын сындырып, басын идiрiп, терiс тiршiлiгiн, iстеген зорлық-зомбылығын мойындаттырды. Иә, табиғат күштi, онымен санасып, аялап, заңын бұзбайтын тiршiлiктi жалғастыруымыз керек. Апат, әсiресе, бiз сияқты елге ауыр тиедi. Сондықтан табиғат қырсырын тiршiлiкке керек заң деп түсiнiп, оны жетiк зерттеп-бiлу қажет. Табиғат адамға дүлей жау емес. Оны аяласаң, өз жарасын өзi жазып, адамзатқа пана болуынан айнымайды. Осыны бiр адамдай түсiнiп, түйсiгiмiзге түртейiк, ағайын! Қолдан жасаған климаттың ке-

цестерi кезекте тұр. Бұл егiн егу мезгiлi кешеуiлдейдi, құнарды қалпына келтiрмесек, өнiм кемидi, деген сөз. Арал жарасын сексеуiлдендiру арқылы жазсақ, солтүстiк жағдайына келер қауiптi түбегейлi шешетiн келешекте ерекше iрi iс-қимыл жасауымыз керек екенi белгiлi.

Екiншiден, ауыл-қала жаңадан жазыққа салынса, үй қоры тұрғызатын орны жер бетiнен, мейлiнше 1 метр биiкте болу керек. Айналасы жабулы кәрiздi (дрен каналды) бөгетпен қоршаулы болуы тиiс. Ол ауыл-қала құрылымын су басуын мейлiнше азайтады, құрылысты су зардабынан сақтайды. Су кең құбырылы кәрiз арқылы сыртқа сорылады. Бұл – кәрiздiң жабық түрi. Су мамандары, инженер-гидрологтар бұл жүйенi жақсы бiледi. Ауыл-қала сыртына бетонмен қапталған әрi тиiстi жерiнде мықты көпiрлерi бар канал салынады. Ол нөпiр қар суын үлкен су тоспа-гостағанына (пруд, көлшiк, көл) құяды. Одан асқан су Арал қазандығына үлкен бас канал арқылы сорылады. Осы үлкен каналға егiстен, жайылымнан, басқа да жерден (аймақтардан), тiптi Жайық өзенiне сыймай артылған су құйылады. Ұсынымның маңызды мақсаты – құрылымды тұрып қалған судан сақтау, егiстi, жайылымды су эрозиясынан аман алып қалу, егiстi бастауға уақыт ұту. Бұл – ұсынатын негiзгi iс-қимылдың бастапқы сұлбасы. Оны әрлеп жетiлдiретiн су, құрылыс мамандары, гидротехниктер, гидрологтар, гидрогеологтар, ирригаторлар, бiлiктi агроном-мелиораторлар және топырақтану маманы (почвоведтер). Ауыл-қала көшелерi түзу болып, олар стандартқа

” Арал өңiрiнiң егiсiнен күрiш дақылы көлемi, толық болмаса да су мөлшерiне байланысты қысқартылса мол судан аз суға көшкенде, топырақта тамақтану жолы өзгерiске ұшырайды. Кәрiз жұмысы осы кезде де керек. Себебi жерасты тұзды суы денгейi 2 метрден төмендегенше егiс топырағының бетiне шығуға талпынады. Бұл – белгiлi физикалық құбылыс. Ол процесс өрiстеп, кәрiз бiтелiп, мiндетiн толық атқара алмаса, жер бетiне жерасты тұзды суы шығып, екiншi тұздануға жол бередi. Жел мен ыстық жерасты суының денгейi үзiлгенше, егiс бетiн тұздандырады.

дi бiлiмi бар, агрохимик, почвовед әрi мелиоратор, ирригатор, өсiмдiк қорғау маманы, агрономға зәру. Студенттердiң мемлекеттiк практикасы 2 жылдай болуы керек. Сол мезгiлде олар топырақ кескiнiн, сол арқылы жер картасын жасау, практикасын, өсiмдiк қорғау, ирригация жүйесiнiң қыр-сырын толық меңгергенi жөн. Агрохимиядан тәжiрiбе қоюлары керек. 3-курстан бастап бiтiргенге дейiн осы мамандықтарды жете игерген жөн.

рақтың екiншi тұздануына жол бермей, өзiнiң соңғы рөлiн атқарады.

Агроном кешендi бiлiмдi болса, көмекшi агрохимик, гидротехник, топырақтанушы (почвовед), ирригатор мен өсiмдiк қорғау мамандары талабын бұлжытпай қолдайды және олардың iсiн мiндеттi түрде бақылайды. Бiлiмi кешендi агроном – егiс әлемiнiң биi мен королi. Отандық ғалымдарға, мысалы Бакытжан Дүйсембеков, Қажмұхан Арынов және басқа жi-

герлi ғалымдарға сенiмiмiз ерен. Осындай жан-жақты агрономды дайындауға атсалысайық, қолдайық, ағайын! Олар су тасқыны зардабын көрiп жатқан 9 аймаққа өте қажет-ақ! Айлап жатқан қар суы қарап жатпайды, егiс топырағы құнарын шайып азайтады әрi тұздандырып құнарын тағы да төмендетедi, батпақтанып егiс топырағының қасиетiн кемiтедi. Сонымен су тасқыны егiс топырағының тағдырын күрт өзгертедi. Канал-кәрiз жұмысында да – жоғарыда айтқан кешендi агроном. Су, оның жүйесiнiң мамандары агрономға бағыну керек, олар өз жұмысындағы мiндетiн адал және бiлiмдi атқарған жөн. Тұз жер бетiне шықса өнiм кемiтiнi белгiлi. Ол егiске жұмсалған шығынды зая кетiредi.

Тұзбен күресу әдiсi туралы 2022 жылы Алматы баспасынан (қаржылдай демеушiсi – химия ғылымдарының докторы, профессор Қ.Арынов) жарыққа шыққан «Преобразование почв пустынных ландшафтов в агрономические плодородные земли» кiтабында жазылған. (авторлары Х.Жамантiков және басқалар). Кiтапты оқып, талдап маңызды мәлiметтi бiлуге болады. Топырақтағы тұзды қосылыстардың түзiлу теориясы мен оларды тұщылау жолдары көрсетiлген. Негiзi тұзданған егiс топырағын толық құнарландыру жүйесiнiң жана бағыты басым жазылған және егiс айналасын, ауыл-қала iшiн ағаштандыру мәселесi көтерiлген. Қоғалдандыру iс-шарасы ауылдың, қаланың, ауа-жер экологиясын тазалауға бағытталған, оларды иiс-қоқыстан және ауыр металлдар ауыртпалығынан арылтады. Қыста боран қыспағынан, қар үйiндiсiнен, жазда шаң-тозаңнан, аңызак жел өтiнен сақтайды. Осы айтылғандарды дұрыс орындау үшiн ағаш түрiн сұрыптап, оны егу жолдарын сурет арқылы түсiндiредi. Кiтап мақсаты – оқырманды одан да жақсы ойларға ұмтылдырып, ынталандыру.

Төртiншiден, көбiн айт та, түйiнiне тоқтал дегендей, өзектi мәселенi ғылыми негiзделген тәсiлдер арқылы шешкен жөн. Осыдан барып ғылыми болжамдар құралады. Ғылымның негiзгi салалары елдiң экономикалық өсу-дамуын одан әрi жетiлдiруге, шығынның тез өтеп, пайданы молайтуға, жақсы жетiстiкке заман технологияларын меңгеру арқылы жететiн жолдарын анық көрсетедi. Ел Президентi Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым күнiндегi баяндамасында ғылым жетiстiктерiн атап, көбiнесе оның кемiшiлiгiне тоқталды. Ғалымдардың солтүстiктегi қар суының келтiретiн зардабын сенiмдi болжай алмағанына, шығынды еселеп азайтатын жолды, ең болмаса 1 жыл бұрын айтуға жарамағанына тоқталды. Климат өзгерiсiн қазiргi аграрлық ғылым бағыты ескермегенiн айтты. Ғылымда сала көп, оны керек емес деп қаржыдан қалдыруға болмайды.

Ұлыбритания үкiметi ғылымның салаларына жылда бiрдей қаржы құяды екен. Өте керегiне қосымша қаржы берiп, барынша дамытып, экономиканы үнемдi демеуге жол ашады. Осы тәсiлiн үйренуге болады ғой!

Болжам жасай алмайтын ғылым адастырып, апатқа душар ететiнiн бүгiн бастан кештiк, зардабын көрiп отырмыз. Өмiрдi жанартағын жастарды кезiнде елiне сыйдырмай жұмыс бермей кетуге мәжбүрледiк. Оны мойындауымыз керек. Олар қазiр шет елдi қанартып, байытып жатыр. Жастар – өмiр индикаторы. Ғылымның салалары қатар дамуы дұрыс. Бүгiн керек болмаса нәтижелерi ертен оның 30%-ы, одан кейiн 50%-ы iске жарар. Ғылым нәтижелерi келешектi болжамаса, өмiрдi дамытпаса, оның жүйесiн түзеу керек болады.

Қорытындысында айтарымыз, ғылыми негiзделген тәсiлдермен жүрiп, алдымыздағы ойқырды болжап отырсақ, өмiрдiң қилы кедергiсiнен, апатынан аттап өтетiнiмiз анық. Оған сенейiк, ағайын. Мықты бөгеттi мезгiлiнде салсақ және тасқын суына дұрыс жол тапсақ, iрi жеңiс деген осы.

Хасый ЖАМАНТИКОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы



Фото: Аманжол Доржбеков

ШАРУАШЫЛЫҚ МАЙТАЛМАНЫ

Өмірде жақсы адамдар көп деп ойлаймын. Олар өздерінің еңбекқорлығымен, іскерлігімен, жанашырлығымен, адамгершілік қасиетімен, атқарған қызметімен көпшілікті ортақ іске жұмылдырып, елдің елдігін сақтап, бөрекесін келтіріп, бір сөзбен айтқанда, заманды түзейді. Егер жақсылар мен жайсаңдар көп болмаса, қазақ халқы өз тарихындағы зұлмат жылдарды, небір тар жол, тайғақ көшулерді, соғыс зардаптарын, ашаршылықты жеңе алмаған болар еді. Сондай жанкешті адамдардың арқасында еліміз қиыншылықтар мен кедергілерді артқа тастап, тәуелсіздікке, қазіргі өсіп-өркендеу дәуіріне қол жеткізді.

Ел ардақтыларының арасында ауыл шаруашылығының ірі ұйымдастырушысы, осы салаға өлшеусіз еңбек сіңірген аға буын өкілі Шамахан Құндызбаев та бар. Ол 1929 жылы Сырдария ауданы «Бірінші май» атындағы ұжымшарда дүниеге келген. «Бірлестік» жетіжылдық мектебін бітіріп, Сырдария МТС-ында механизатор болып, еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған. Ауыл шаруашылығы, техникумында оқып, Шиели, Сырдария аудандарының МТС-ында агроном, бас агроном қызметтерін атқарған. Іскерлік қабілетінің арқасында «Бірінші май» ұжымшарының басқарма төрағасы, сол аудандағы Абай атындағы ұжымшар партия ұйымының хатшысы, Киров атындағы кеңшардың директоры, Жалағаш ауданындағы Ленин ұжымшарының басқарма төрағасы болып жауапты қызметтер істеді.

Ол кезеңдегі ауыл шаруашылығының жағдайы өте күрделі болатын, техника жетіспейді, білікті маман жоқ, аталған шаруашылықтар тұрғындарының тұрмыстық жағдайы нашар. Сондай күрделі кездің өзінде Шамахан Құндызбаев үнемі ізденіс үстінде жүріп, жоқтан бар жасап, елді еңбекке жұмылдырып, өзі басқарған шаруашылықтардың жағдайын жақсартты.

Шамахан Құндызбаев Тереңөзек ауданындағы Ильич (қазіргі «Ақжарма» ауылы) атындағы кеңшардың директоры болып қызмет атқарды. Біз Шәкенді осы кезден біле бастадық. Ильич кеңшары Тереңөзек ауданының іргелі шаруашылықтарының бірі болатын, инженерлік жүйеге келтіріліп, тегістелген ауыспалы егіс талаптарына күрші бақылы, жоңышқа, бидай егілді, мал шаруашылығы да дамыған, сүт өндіру кешені бар, жері мағна жай, табиғаты жанға жай, көлдері, мал көшіретін жайлауы бар еді. Осы ауылдан шыққан майталман еңбек адамдарының данқы Сыр бойынан асып, мерейі тасып жататын. Шәкен келген

соң, бар материалдық базаны одан әрі нығайтып, шаруашылық аудандағы, облыстағы алдыңғы қатарлы кеңшарға айналды.

Тереңөзек ауданы комсомол комитетінің бірінші хатшысы кезінде аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде бізді шаруашылықтарға өкіл етіп бөледі. Жазы-қысы өз қызметімізбен қоса ауданның, кеңшардың барлық жұмысына араласамыз. Шәкен зор денелі, кең кеуделі, жұмыс бабында талабы қатал кісі болғанмен, бізбен терезесі тең адамдай сөйлесіп, санасып отыратын. Мәні де мінезім қаттылау, шөп дайындау, мал төлдету, егін орағы кезінде көрсеткіштер жөнінде келіспей қалатын кездеріміз болатын. Сондайда Шәкен «қадалған жерінен қан аласын» дейтін. Бірақ артынан өзіміз бір келісімге келіп, ортақ тіл тауып кететініміз, ешуақытта сөзге келіп көрген жоқпыз. Ильич кеңшары Шәкен басқарған кезде әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайтып, барлық көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарда болды, тұрғындар үшін үйлер, типтік жобалағы балалар бақшасы, мектеп, Мәдениет үйі, тағы басқа әлеуметтік нысандар салынды.

Кейде хабарласып, «бүгін Тереңөзекте үлкен жиналыс болады, сырттан қонақтар көп келеді, жақсылап киініп келіңіз» дейтінмін. Сондайда «бұл Қызылорда облысында мен киетін размердегі костюм жоқ, Мәскеуге бір барғанда «Великан» деген дүкеннен алған костюмім бар еді, соны киіп барамын ғой» деп күлетін.

Кейін Тереңөзек кеңшарының (қазіргі «Шаған» ауылы) директоры болып ауысты. Күрші фабрикасы атанған ауылға аудандық атқару комитетінің төрағасы Максұт Әбдіразақов екеуіміз 2-3 жылдан бері тұрақты өкіл едік. Бұрынғы директоры, ғалым-агроном, білікті басыы Әділ Атахаевты жыл сайын күзде миллион пұт астық тапсыруға жетелейміз. Мүмкіншілік бар, бірақ Әділ

Атахайұлы көрсеткіштерді жарқыратып көрсетуге жоқ. Сондай кезеңде шаруашылыққа Шамахан Құндызбаев ауысып келді де, 1976 жылы Тереңөзек күрші совхозы мемлекетке облыста алғашқы болып 1 миллион пұт күрші өткізді. Қуанышымызда шек болмады. Егін орағы аяқталысымен Максұт Әбдіразақовтың ұйымдастырумен ұлан-асыр той өткіздік, Мақан тойды өзі басқарды. Механизаторлар, күршішілер, еңбек адамдары орден-медальдармен марапатталды, съездерге делегат, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды. Шәкен Тереңөзек кеңшарын 1985 жылға дейін басқарды, сол көтерілген деңгейден бір түскен жоқ. Іскерлік қабілетімен, ұйымдастырушылық шеберлігімен қоса адамгершілік қасиеттері қатар жүретін. Өзі басқарған шаруашылықтарда жұмысшыларға жағдай жасау, әлеуметтік аз қорғалған отбасыларға қамқорлық көрсету, еңбек адамдарын құрметтеу, қоғамдық ұйымдармен санасу, ардагерлерді ұлықтау ешуақытта күн тәртібінен түспейтін.

Сонымен қатар ол үлкен отбасының тірегі, арқасүйер асқар тауы болды, зайыбымен екеуі көп бала тәрбиелеп өсірді, оқытты, үйлі-жайлы етті. Бір баласы Досмахан Құндызбаевпен комсомолда бірге қызмет атқардым, барынша ақкөңіл, жайсаң жан еді. Өкінішке қарай, ертерек дүниеден өтті. Комсомолдың 100 жылдығына арнайы шығарылған «Ғасыр үні» атты кітабында Досмаханның өмірі мен қызметі жайлы жаздым.

Шамахан Құндызбаевтың ауыл шаруашылығы саласындағы еңбегі ескеріліп, Ленин, «Октябрь революциясы», 2 рет «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстанның ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері. Қазақстан Компартиясының XV съезінің делегаты. Кейін туған жеріне қоныс аударып, 1991 жылы қайтыс болды.

Еліне ерен еңбек еткен, іскерлік пен азаматтықтың үлгісін көрсеткен қоғам қайраткерін қалай құрметтесе де, ұлықтаса да, жас ұрпаққа үлгі-өнеге етсе де ол кісі соған әбден лайық. Жақсы да жайсаң жанның өмірі мен қызметі ешуақытта ұмытылмайды.

Алмагүл БОЖАНОВА,
Қызылорда облысының
Құрметті азаматы

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофаг-

тардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, граммына, данасына) арналған субсидиялар нормалары

№ р/с	Субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) атауы	Өлшем бірлігі	Субсидия нормасы, тенге
1	ЗИНГЕР, суланатын ұнтақ	литр	8 500,00
2	СЕРП, суда еритін концентрат	литр	2 250,00
3	ПОЛГАР, эмульсиялық концентрат	литр	4 911,00
4	БРОПАК, эмульсиялық концентрат	литр	3 520,00
5	ТРИУМФ 48%, су ерітіндісі	литр	1 500,00
6	Эллада, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	18 128,00
7	ЭРУДИТ, суспензия эмульсиясы	литр	2 746,00
8	ФЕЛИКС 757, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	2 725,00
9	СТАРАНЕ ПРЕМИУМ 330, күрші совхозы мемлекетке облыста алғашқы болып 1 миллион пұт күрші өткізді. Қуанышымызда шек болмады. Егін орағы аяқталысымен Максұт Әбдіразақовтың ұйымдастырумен ұлан-асыр той өткіздік, Мақан тойды өзі басқарды. Механизаторлар, күршішілер, еңбек адамдары орден-медальдармен марапатталды, съездерге делегат, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды. Шәкен Тереңөзек кеңшарын 1985 жылға дейін басқарды, сол көтерілген деңгейден бір түскен жоқ. Іскерлік қабілетімен, ұйымдастырушылық шеберлігімен қоса адамгершілік қасиеттері қатар жүретін. Өзі басқарған шаруашылықтарда жұмысшыларға жағдай жасау, әлеуметтік аз қорғалған отбасыларға қамқорлық көрсету, еңбек адамдарын құрметтеу, қоғамдық ұйымдармен санасу, ардагерлерді ұлықтау ешуақытта күн тәртібінен түспейтін.	литр	7 986,00
10	ЛЕГИОН ФОРТЕ 200, су ерітіндісі	литр	3 203,00
11	САЛВО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
12	ДЕПС ЭКСПЕРТ, эмульсиялық концентрат	литр	7 000,00
13	СПИРИТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	36 831,00
14	ГРАНАТ сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
15	ИНДОКС 30, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	32 637,00
16	КРЕЙСЕР, 20% сулы концентрат	литр	3 440,00
17	НОМИНИ СУПРИМ, суспензия эмульсиясы	литр	25 415,00
18	ПРИШАНС, суспензия эмульсиясы	литр	1 563,00
19	МИУРА, эмульсиялық концентрат	литр	2 900,00
20	КОГОРТА, су-гликоль ерітіндісі	литр	11 000,00
21	АДАЛТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	8 500,00
22	Коралл Д, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
23	ГЛИФАТ ФОРТЕ 757, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	2 725,00
24	ХАКЕР 300, су ерітіндісі	литр	5 050,00
25	ФИНЕС ЛАЙТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	54 104,00
26	КОРСО 72%, су ерітіндісі	литр	3 101,00
27	ДИНАМИТ, 48% суспензиялық концентрат	литр	3 900,00
28	ИТАРП 80, эмульсиялық концентрат	литр	3 375,00
29	КРЕЙСЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	35 163,00
30	ЛОТОС СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 356,00
31	ИЗУМИ суспензиялық концентрат	литр	4 018,00
32	РАПИРА, 4%, эмульсиялық концентрат	литр	2 250,00
33	БЕНТАСИЛ, су ерітіндісі	литр	3 650,00
34	СТОУН 300, су ерітіндісі	литр	5 050,00
35	КИНЕТИК ЛАЙТ, эмульсиялық концентрат	литр	3 200,00
36	ТОТАЛ ПЛЮС, су ерітіндісі	литр	1 500,00
37	НУРЕЛЛ Д, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
38	ЕВРО-ЛАЙТНИНГ ПЛЮС, 2,4% суда еритін концентрат	литр	5 175,00
39	ФЕНОМЕН, суспензия эмульсиясы	литр	2 475,00
40	КОРНЕГИ, суспензия эмульсиясы	литр	7 267,00
41	ЭЛАТУС ЭЙС 290, эмульсиялық концентрат	литр	10 000,00
42	ХИМСТАР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	11 000,00
43	БИСКАЯ, майлы дисперсиясы	литр	7 500,00
44	ШАНС ДКБ, су ерітіндісі	литр	3 170,00
45	ЛАННАТ, суланатын ұнтақ	килограмм	4 237,00
46	БЕНИТО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	6 134,00
47	СТРАГЛ, сулы концентрат	литр	3 440,00
48	РЕЙНВЕЛ, су ерітіндісі	литр	2 679,00
49	ПРОИШАНС, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
50	БАСТА, 15% су ерітіндісі	литр	2 948,00
51	ФЛЕЙМ, суспензия концентраты	литр	9 085,00
52	ШТОРМ, 0,005% балауыз брикеттері	килограмм	2 100,00
53	АГРОШАНС, суда еритін концентрат	литр	2 530,00
54	**АЛИОТ, эмульсиялық концентрат	литр	4 075,00
55	АБСИНИУМ, суспензия эмульсиясы	литр	1 750,00
56	САРМАТ ЭКСТРА, 54% су ерітіндісі	литр	1 540,00
57	БЕНЕВИЯ, майлы дисперсиясы	литр	57 050,00
58	СОЛЕКС ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	3 119,00
59	ГОТРИЛ 24% эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
60	ДЕЙМОС, суда еритін концентрат	литр	2 679,00
61	РИХТЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 679,00
62	РИДОВЕР ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	3 802,00
63	СТАУТ, суспензия концентраты	литр	2 746,00
64	БАЛЕРИНА ФОРТЕ, суспензия эмульсиясы	литр	3 960,00
65	ШАНСТИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	12 676,00
66	МАГНУМ СУПЕР сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	28 600,00
67	ФИНИТО 750 сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
68	МЕКАР, микроэмульсия	литр	3 484,00
69	ИМИДАШАНС ПЛЮС, суспензиялық концентрат	литр	5 750,00
70	СОНРАУНД 48%, су ерітіндісі	литр	1 500,00
71	РАП, су ерітіндісі	литр	1 500,00
72	КАССАР ПРО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	71 206,00
73	РОКИ, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
74	ФОКСТРОТ ЭКСТРА, 13,5% эмульсиялық концентрат	литр	5 402,00
75	ПУМА ТУРБО эмульсиялық концентрат	литр	3 881,00

76	ПРОИШАНС СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	6 803,00
77	МИЛАГРО ПЛЮС 270, майлы дисперсиясы	литр	8 131,00
78	ФАБИАН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 824,00
79	ПАРАДОКС, суда еритін концентрат	литр	15 353,00
80	ЭГИДА, суспензиялық концентрат	литр	14 600,00
81	СОЛАМ, суспензия концентраты	литр	4 018,00
82	ШАНСЮГЕН, су эмульсиясы	литр	2 450,00
83	МАГЕЛЛАН ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	53 281,00
84	СИМБА, эмульсиялық концентрат	литр	3 350,00
85	ЭНЖИО 247, суспензиялық концентрат	литр	4 018,00
86	ТИЛТ 250, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
87	КАРИШАНС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	39 556,00
88	ШЕЛЮУ, эмульсиялық концентрат	литр	3 200,00
89	ЕВРО-ЛАЙТНИНГ, 4,8% суда еритін концентрат	литр	6 252,00
90	*РАУНДАП ЭКСТРА 54% су ерітіндісі	литр	1 540,00
91	КЛИНСПРЕЙ ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	3 548,00
92	МОВЕНТО ЭНЕРДЖИ, суспензия концентраты	литр	9 790,00
93	ТАЙРА, эмульсиялық концентрат	литр	3 486,00
94	КЛИАФИЛТ, суда еритін концентрат	литр	6 252,00
95	ИМИДАШАНС, суда еритін концентрат	литр	3 440,00
96	*СПРУТ ЭКСТРА су ерітіндісі	литр	1 540,00
97	РОМСТОП 75%, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
98	МАГНЕТО, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
99	ТРИБУЗИН 700, суланатын ұнтақ	килограмм	8 790,00
100	ШАНСИЛ, эмульсиялық концентрат	литр	3 750,00
101	СКИУРС, суспензиялық концентрат	литр	11 550,00
102	МАКСИР, эмульсиялық концентрат	литр	9 000,00
103	ПАЛАДИН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	71 875,00
104	ЭФИРАКС, эмульсиялық концентрат	литр	1 652,00
105	КЛИАРАП, эмульсиялық концентрат	литр	2 250,00
106	ГЛИФАТ 540, су ерітіндісі	литр	1 540,00
107	ОРГАНЗА, суспензия концентраты	литр	7 589,00
108	КУНФУ, 54% су ерітіндісі	литр	1 540,00
109	КАЗУАР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	39 556,00
110	ПЕТРА, 5%, эмульсиялық концентрат	литр	1 645,00
111	ГРАНД ЭКСТРА 540, су ерітіндісі	литр	1 540,00
112	ВАНТЕКС, микрокапсулаланған суспензия	литр	11 692,00
113	КРЕДО, суспензиялық концентрат	литр	2 946,00
114	ПРОГРЕСС УЛЬТРА, эмульсиялық концентрат	литр	3 192,00
115	ДРАГУН, эмульсиялық концентрат	литр	5 280,00
116	САНФОЛ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
117	ЭЛЛАЙ ЛАЙТ сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	18 128,00
118	ЭСТОК, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	68 973,00
119	ЛАНЦЕЛОТ 450, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	49 335,00
120	НОПАСАРАН, 40% суспензия концентраты	литр	7 250,00
121	КИНФОС, эмульсиялық концентрат	литр	6 563,00
122	ТРИДЕПС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	84 348,00
123	КЛИНЧ 100 10 % эмульсиялық концентрат	литр	5 400,00
124	САФАРИ майлы дисперсиясы	литр	8 438,00
125	ГЕЗАМЕТРИН, 50% суспензиялық концентрат	литр	2 100,00
126	АЗОРРО, суспензия концентраты	литр	8 804,00
127	ПРИМАДОННА суспензия эмульсиясы	литр	3 375,00
128	ЭЛВАНС 2,0, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	71 206,00
129	ГЕНЕРАЛ, эмульсиялық концентрат	литр	3 335,00
130	ПРОФЕССОР, эмульсиялық концентрат	литр	5 043,00
131	*УРАГАН ФОРТЕ 500, су ерітіндісі	литр	1 750,00
132	БИЦЕСП 300, майлы эмульсиялық концентрат	литр	6 000,00
133	РОБУСТО СУПЕР эмульсиялық концентрат	литр	1 652,00
134	ГРАФ сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
135	ГЕРМЕС ГРАНД, эмульсиялық концентрат	литр	5 280,00
136	ДАНАДИМ ЭКСП		

151	ТЕРДОК, 8% эмульсиялық концентрат	литр	3 375,00
152	ЭВИТО Т, суспензиялық концентрат	литр	14 960,00
153	АМИНСПРЕЙ, су ерітіндісі	литр	1 295,00
154	ТАЛАНТ, майлы дисперсиясы	литр	10 977,00
155	АККУРАТ ЭКСТРА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	16 072,00
156	ЭСКУДО сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	65 179,00
157	КАПТОРА ПЛЮС, 2,4% суда еритін концентрат	литр	5 175,00
158	ВЕРИМАРК, суспензия концентраты	литр	129 261,00
159	БАГИРА ГОЛД 120, эмульсиялық концентрат	литр	3 881,00
160	ТИТУС 25%, құрғақ ағынды суспензия	килограмм	25 650,00
161	*****ЯКУДЗА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	12 000,00
162	ФЮЗИЛАД ФОРТЕ 150, эмульсиялық концентрат	литр	3 350,00
163	ТАЙЕР ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	2 880,00
164	ПИЛАРКИНГ, 20% сулы концентрат	литр	3 440,00
165	КАСКАД ПРЕМИУМ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	61 603,00
166	ДИНАТ 48% су ерітіндісі	литр	2 679,00
167	ЭНТОГИЛФОС, 50% су ерітіндісі	литр	1 750,00
168	АЦЕТАЛ ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	5 201,00
169	*СУХОВЕЙ, су ерітіндісі	литр	1 797,00
170	НОПАСАРАН УЛЬТРА, суспензия концентраты	литр	12 516,00
171	АГРИС, суспензия концентраты	литр	8 769,00
172	РИМКОН, суда еритін түйіршіктер	килограмм	25 650,00
173	ВАПРО, суспензия концентраты	литр	9 208,00
174	БИЦЕПС ГАРАНТ эмульсиялық концентрат	литр	4 060,00
175	СОЛЕКС, су ерітіндісі	литр	3 119,00
176	АЛСИОН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	12 676,00
177	ПЕНЗОР МАКС, майлы эмульсиялық концентрат	литр	3 200,00
178	*ТОРНАДО 500 су ерітіндісі	литр	1 750,00
179	ПРОГРЕСС ГРАНД, эмульсиялық концентрат	литр	3 192,00
180	ГЕЗАГАРД 500, суспензиялық концентрат	литр	2 100,00
181	ТРИОФЕН, эмульсиялық концентрат	литр	4 900,00
182	ШАРПЕЙ, микроэмульсия	литр	2 935,00
183	ГАЛЛИОН, су ерітіндісі	литр	13 393,00
184	КОРТИК, су ерітіндісі	литр	2 576,00
185	НОМИН 400, суспензиялық концентрат	литр	25 446,00
186	ТЕРЕКС су ерітіндісі	литр	1 540,00
187	ЭРЛИКОН, эмульсиялық концентрат	литр	5 402,00
188	СКАЙСТАР, суспензия концентраты	литр	8 772,00
189	ПУЛЬСАР, 4% су ерітіндісі	литр	3 036,00
190	ДИУРОН, суспензиялық концентрат	литр	3 900,00
191	ЭВОЛЮШН, эмульсиялық концентрат	литр	10 374,00
192	ЕВРОШАНС, суда еритін концентрат	литр	6 252,00
193	КОНЦЕПТ, майлы дисперсиясы	литр	7 554,00
194	ЛАЗУРИТ УЛЬТРА, суспензиялық концентрат	литр	3 675,00
195	ГАЙТАН, эмульсиялық концентрат	литр	2 356,00
196	МАЙСТЕР ПАУЭР, майлы дисперсиясы	литр	6 786,00
197	ФАСШАНС, эмульсиялық концентрат	литр	2 020,00
198	ГАРДО ГОЛД 500 суспензия концентраты	литр	2 746,00
199	СТРАЖ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	8 500,00
200	ЗЕЛЕК СУПЕР эмульсиялық концентрат	литр	3 335,00
201	ДАМБА, су ерітіндісі	литр	2 679,00
202	СЭМПАЙ, эмульсиялық концентрат	литр	4 400,00
203	ГАУР, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
204	КАСКАД, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
205	ГУЛЛИВЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	125 000,00
206	РЕСТРИКТ, суда еритін түйіршіктер	килограмм	42 250,00
207	ТОГАЛ ЭКСТРА, су ерітіндісі	литр	1 750,00
208	МЕЗОМАКС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	13 505,00
209	ГЕЙЗЕР, коллоидты ерітінді концентраты	литр	7 098,00
210	ТВИСТ, эмульсиялық концентрат	литр	7 986,00
211	ГРАНСТАР МЕГА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	37 500,00
212	ИМАЗЕТ 100, сулы концентрат	литр	2 250,00
213	ВАЛСАГЛИФ, су ерітіндісі	литр	1 500,00
214	СТАТУС ГРАНД, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	25 000,00
215	МАГЕЛЛАН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	58 192,00
216	ПИЛАРОФ, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
217	2М-4Х 750, 75% суда еритін концентрат	литр	2 257,00
218	ЦЕНТУР, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
219	КАНОНИР ДУО құрғақ ағынды суспензия	килограмм	16 072,00
220	ФУРОРЕ УЛЬТРА, майлы-сулы эмульсия	литр	4 786,00
221	САРРЕНДЕР, суда еритін түйіршіктер	килограмм	5 862,00
222	ЭКСКАЛИБУР, суспензия эмульсиясы	литр	4 025,00
223	СОЛИТО 320, эмульсиялық концентрат	литр	7 392,00
224	ОВСОГЕН ЭКСТРА, эмульсиялық концентрат	литр	7 536,00
225	ОМЕГА, 50% суспензиялық концентрат	литр	2 100,00
226	РИД ЭВЕЙ, су ерітіндісі	литр	1 540,00
227	ДАБСПРЕЙ, су ерітіндісі	литр	2 112,00
228	БАГИРА СУПЕР 100, эмульсиялық концентрат	литр	3 591,00
229	АВЕСТАР, 10% эмульсиялық концентрат	литр	3 571,00
230	ФЕНИЗАН су ерітіндісі	литр	6 049,00
231	БЕНАГРО, су ерітіндісі	литр	3 650,00
232	БАРС СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	3 591,00
233	ФЕНИКС, эмульсиялық концентрат	литр	3 375,00
234	ТИМСПРЕЙ, суспензия эмульсиясы	литр	2 300,00
235	ГЕРБИТОКС, суда еритін концентрат	литр	2 530,00
236	ЗЕНКОР УЛЬТРА, суспензия концентраты	литр	3 675,00
237	ЗЛАКОФОРТЕ 100 эмульсиялық концентрат	литр	3 393,00
238	ХАКЕР суда еритін түйіршіктер	килограмм	6 800,00
239	ДИШАНС, эмульсиялық концентрат	литр	3 125,00
240	ШАНСТАР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
241	РИМУС 25%, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	25 650,00
242	*РЕГЛИОН ФОРТЕ 200 су ерітіндісі	литр	3 203,00
243	ГРЕЙДЕР, су-диоксид ерітіндісі	литр	8 929,00

244	ШАМАН, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
245	АГУРА 10% сулы концентрат	литр	2 250,00
246	ЛАСТИК ЭКСТРА, эмульсиялық концентрат	литр	3 000,00
247	ГРАНСТАР ПРО сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
248	КАПТОРА, 4,8% суда еритін концентрат	литр	6 252,00
249	ЛОРНЕТ су ерітіндісі	литр	5 050,00
250	БАЛЕРИНА СУПЕР, суспензия эмульсиясы	литр	3 217,00
251	БОРЕЙ, суспензиялық концентрат	литр	5 750,00
252	ПАНТЕРА 4 % эмульсиялық концентрат	литр	2 250,00
253	ГОРИЗОН 080, эмульсиялық концентрат	литр	3 375,00
254	ФАСКОРД, эмульсиялық концентрат	литр	2 020,00
255	БРЭМБО, эмульсиялық концентрат	литр	2 074,00
256	ЛЕГТЕРО ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	5 804,00
257	БИЦЕПС 22, эмульсиялық концентрат	литр	3 450,00
258	ЛИСТЕГО ПРО 050, су ерітіндісі	литр	8 844,00
259	ФАРАОН ГОЛД 54% су ерітіндісі	литр	1 540,00
260	ПАЛАДИН УЛЬТРА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	50 313,00
261	ТАЙПАН, эмульсиялық концентрат	литр	7 143,00
262	ТИТУЛ 390, коллоидты ерітінді концентраты	литр	9 348,00
263	АГРОН ГРАНД сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 800,00
264	ВАРЯГ, эмульсиялық концентрат	литр	5 804,00
265	ТРИАМЕТРИН, суспензиялық концентрат	литр	4 018,00
266	БОМБА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	38 060,00
267	ЗЛАКО ПИК, эмульсиялық концентрат	литр	5 804,00
268	ДЕЛИК, 240 эмульсиялық концентрат	литр	7 872,00
269	АККУРАТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	8 500,00
270	АБРИС, 25% эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
271	АВАНТ, эмульсиялық концентрат	литр	22 433,00
272	КЛОВИТ, эмульсиялық концентрат	литр	5 804,00
273	ДИФУЗ, 48% суспензиялық концентрат	литр	3 900,00
274	КИНЕТИК ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	4 248,00
275	АБАЛОН, 1,8% эмульсиялық концентрат	литр	3 484,00
276	СУПЕРМЕТ ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	8 500,00
277	ЛОНТРЕЛ ГРАНД 75, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 800,00
278	ФОКСТРОТ ТУРБО, эмульсиялық концентрат	литр	6 917,00
279	БЕТА ГАРАНТ, эмульсиялық концентрат	литр	4 060,00
280	СТИРАП 45% су ерітіндісі	литр	3 600,00
281	СМАРАГД эмульсиялық концентрат	литр	4 248,00
282	ДИОМА, суда еритін концентрат	литр	6 252,00
283	КАЛИБР 540, су ерітіндісі	литр	1 540,00
284	БАКСИГА 32, майлы дисперсиясы	литр	13 991,00
285	ДЕЛИТ 250, эмульсиялық концентрат	литр	8 050,00
286	БЕСТУТАКС, суспензиялық концентрат	литр	5 069,00
287	СТРИГ ЭКСТРА 480 су ерітіндісі	литр	1 563,00
288	ХИЛЕР, майлы эмульсиялық концентрат	литр	2 250,00
289	ТАУЭРСПРЕЙ 85% эмульсиялық концентрат	литр	2 112,00
290	ВЕЛОСИТИ СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	4 103,00
291	ДЕМЕТРА, эмульсиялық концентрат	литр	7 381,00
292	БЕЛИССИМО 2.0, эмульсиялық концентрат	литр	5 500,00
293	ГАМБИТ, суспензиялық концентрат	литр	2 100,00
294	НУКЕР ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
295	СОЛЬВЕР, эмульсиялық концентрат	литр	5 402,00
296	ДИМИПРИД, 70%, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	11 000,00
297	РЕЙВ, суспензия концентраты	литр	6 121,00
298	ПРОМЕТЕЙ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 500,00
299	СМАРАГД ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	3 758,00
300	ОКТАВА, майлы дисперсиясы	литр	8 491,00
301	КОУИН, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
302	АЦЕТ 200, еритін ұнтақ	килограмм	2 750,00
303	ФОРВАРД, майлы эмульсиялық концентрат	литр	4 268,00
304	МАХАОН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	34 375,00
305	ГЕПАРД, эмульсиялық концентрат	литр	3 706,00
306	СИРОККО, эмульсиялық концентрат	литр	3 125,00
307	СТАТУС ФЛО, суспензия эмульсиясы	литр	3 125,00
308	*МЕТЕОР 540 су ерітіндісі	литр	1 540,00
309	ВИДМАСТЕР 480 су ерітіндісі	литр	2 112,00
310	ЛУИДОР, суда еритін концентрат	литр	3 440,00
311	ПРОПОНИТ ДУО, эмульсиялық концентрат	литр	6 000,00
312	ШАНСТРЕЛ 300, су ерітіндісі	литр	5 050,00
313	ХЛОРЦИРИН, 55%, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
314	КАНОНИР 3.0, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	48 000,00
315	РЕЙНБОУ 25 ОД майлы дисперсиясы	литр	10 977,00
316	ГЛАДИАТОР, 4 % эмульсиялық концентрат	литр	2 250,00
317	СЕКТОР ТУРБО майлы дисперсиясы	литр	9 631,00
318	*ТОРНАДО 540, су ерітіндісі	литр	1 540,00
319	БЕЛТ, суспензия концентраты	литр	30 750,00
320	ЦИФОС 550, эмульсиялық концентрат	литр	2 322,00
321	ДУАЛ ГОЛД 960, эмульсиялық концентрат	литр	3 350,00
322	АЛТО СУПЕР 330, эмульсиялық концентрат	литр	6 803,00
323	ЗЕРНОМАКС эмульсиялық концентрат	литр	2 332,00
324	ЭМИТИ, суспензия концентраты	литр	5 801,00
325	ИМПАКТ СУПЕР, суспензия концентраты	литр	3 348,00
326	ПУНТО ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	16 500,00
327	МОШЬ, су ерітіндісі	литр	3 119,00
328	БОКСЕР 800, эмульсиялық концентрат	литр	4 435,00
329	ГАЛОШАНС, эмульсиялық концентрат	литр	4 149,00
330	ВИЛАН СУПЕР, 10% эмульсиялық концентрат	литр	3 571,00
331	БРЕЙК, микроэмульсия	литр	2 679,00
332	ТАНТО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	8 982,00
333	ШАНСГАРД, суспензия концентраты	литр	2 100,00

334	ЭЛЮМИС 105 майлы дисперсиясы	литр	5 069,00
335	СОНРАУНД СТАР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	3 608,00
336	КЕРНЕЛ, су ерітіндісі	литр	2 232,00
337	ШАНТУС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	25 650,00
338	ЭСПАДА 350, суспензиялық концентрат	литр	6 850,00
339	ГЕКСИЛ 905, эмульсиялық концентрат	литр	1 652,00
340	БАЛЕРИНА, суспензия эмульсиясы	литр	1 750,00
341	САНСЭР, суспензия концентраты	литр	9 208,00
342	АЛЬВЕРДЕ, суспензия концентраты	литр	6 762,00
343	КАЛКАН, эмульсиялық концентрат	литр	2 356,00
344	ГОЛДПЛАН, 20 % суда еритін ұнтақ	килограмм	2 750,00
345	ВЕРТИМЕК 018, эмульсиялық концентрат	литр	3 484,00
346	КВИКСТЕП, эмульсиялық концентрат	литр	5 550,00
347	МАЭСТРО 135, эмульсиялық концентрат	литр	5 402,00
348	ПЕГАС СУПЕР 7,5% майлы-сулы эмульсия	литр	2 679,00
349	ЭФИР КОРСО, эмульгируемый концентрат	литр	2 112,00
350	МОСКИТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	53 281,00
351	ГЕРМЕС 300, су ерітіндісі	литр	5 050,00
352	ТАНРЕК, суда еритін концентрат	литр	3 440,00
353	ТИТУЛ ДУО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	6 000,00
354	КУГАР эмульсиялық концентрат	литр	4 911,00
355	ТЕРРАНО, суспензия концентраты	литр	11 663,00
356	ЗЛАКОСУПЕР 7,5%, майлы-сулы эмульсия	литр	2 679,00
357	ЛЕРАШАНС, су ерітіндісі	литр	10 802,00
358	ЛАСТИК ТОП, микрокапсула эмульсия	литр	4 225,00
359	СТРАТОС УЛЬТРА, 10 % эмульсиялық концентрат	литр	2 873,00
360	ДИАЛЕН СУПЕР 480, су ерітіндісі	литр	1 563,00
361	СТРИГ 72 % су ерітіндісі	литр	1 295,00
362	ОБЕРОН РАПИД, суспензия концентраты	литр	17 784,00
363	**ТОРО, 5% эмульсиялық концентрат	литр	1 645,00
364	БОРЕЙ НЕО, суспензиялық концентрат	литр	8 375,00
365	ВЕЛОСИТИ ПАУЭР сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	13 031,00
366	ГРАМИНИОН, эмульсиялық концентрат	литр	3 234,00
367	СКАУТ ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	6 900,00
368	ФАЛЬКОН, 46% эмульсиялық концентрат	литр	5 043,00
369	КИНЕТИК, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
370	СОЛНГОР, эмульсиялық концентрат	литр	5 669,00
371	ХИТ, су ерітіндісі	литр	1 540,00
372	ВАРРАНТ, сулы концентрат	литр	3 440,00
373	БЕТАШАНС ТРИО, эмульсиялық концентрат	литр	4 900,00
374	ГЕКСИЛ ЭКСТРА, су ерітіндісі	литр	1 295,00



АРТЫҚ БІЛІМ КІТАПТА

Жуырда Жаңақорған ауданында А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «КІТАП шоу-2024» фестивалі өткізілді.

Онда халықтың кітап оқу белсенділігін, балалар мен жасөспірімдердің сауаттылығын арттыру, кітап оқу мәдениетін дамыту басты мақсат етілді. Кітапқұмарлар тәжірибесін бөлісіп, жергілікті ақын-жазушылардың еңбектерін насихаттау ойластырылды.

Мерекелік іс-шараны аудан әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов құттықтау сөзімен ашып, «КІТАП шоу-2024» фестивалінің басты мақсаты мен шара аясындағы әдеби-танымдық, мәдени шараларға тоқталды. Сондай-ақ ақын Файзулла Сахиев, жазушы-сатирик Нұрмахан Елтай, айтыс ақыны Нұрлан Жалекөв, қаламгер Ерубай Қалдыбек, «Жаңақорған тынысы» газетінің бас редакторы Баян Үсейінова және жас таланттар Алғыс хатпен марапатталды.

Жиында ақын Файзулла Сахиев, Баян Үсейінова сөз алып, өз пікірлерін білдірсе, жазушы-сатирик Нұрмахан Елтай кей адамдардың газет ұстамайтын, кітап оқымайтын рухани жұтандыққа ұшырауын өткір сынады. Берген ақылына ақы сұрамайтын алтын қазынаға ден қоюды еске салды. «Жақсының сөзі – жанып тұрған шамдай, шешеннің сөзі – ағып тұрған балдай, мұның бәрі кітапта» деп сөзін қорытты.

Мерекеледе «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында кітаптар керуені, көрмесі жасақталып, көпшілікке ұсынылды. Әлшекей өнер мектебінің бишілері өнер көрсетіп, талантты суретшілер кітап авторларының суретін шығарма желісі бойынша салды. «Қыран» мектебінің оқушылары «Кітап ескірмейді», «Кітап сөйлейді» атты көріністер көрсетті. Шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Ғазиза РҮСТЕМБЕК,
Жаңақорған ауданы



/// ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ – 70

АЛТЫН КӨМБЕЛІ АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ



Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада көрнекті ақын, Түрксай Жазушылар одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықбек Есдәулеттің 70 жасқа толуына орай «Қазақ поэзиясындағы дара талант» атты поэзия кеші ұйымдастырылды.

«Алтайдың алтын тамыры» атты кітап көрмесінен басталған кеш «Baiterek school», «Ұлағат» білім ордасы» мектебінің жоға-

ры сынып оқушылары мен «Өркениет» медициналық колледжі студенттерінің өнерімен жалғасты.

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің оқушысы, халықаралық республикалық байқаулардың жеңімпазы Е.Сармырзаев ақын өлеңдерін ерекше нақышпен оқыды. Облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат оқушысы Мерей Бағыбергекқызы ақын сөзіне жазылған тәжік әні

«Сарбонды» сызылта салып, қошеметке ие болды.

Кеш қонақтары Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, ақын Қ.Есімсейітова, Қазақстанның құрметті журналисі, жазушы Н.Рахмет, «Сыр бойы» газетінің қызметкері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Д.Аяшұлы сөз сөйлеп, ұлттық, адамгершілік құндылықтардың алтын көмбесінде ақын өлеңдері туралы пікірлерін ортаға салды. Жастарды кітап оқуға, елдік мүдделерге адал болуға шақырды.

Қазақ лирикасының кемелдену кезінде өрнекті қолтаңбасын танытқан, өмірін өлеңге арнаған ақынның шығармашылығымен таныстыру, оқырман жанын тебіренертер жырларын оқуға шақыру, жастардың поэзияға қызығушылығын арттыру мақсатындағы кеш танымдық, тағылымдық дәрежеде өтті.

«СБ» ақпарат

ЕҢБЕК ЕСЕЙТКЕН ЖАН



Менің әкем Өтеген Жүргенбаев Соғыстан елге келе салып еңбекке араласты. Қайда ауыр жұмыс болса, сонғы басы-қасында жүретін. Қазіргі Аманкелді ауылы бұрын 3-ауыл, одан кейін Ленин колхозы атанды. Әкем колхоз бастығының орынбасары, егіс бригадирі болды.

Ауылда «Айзада аңыз», «Данагүл аңыз» деген жерлер бар. Сол егіске баратын жолға төтесінен өз күшімен көпір салды. Ол «Өтеген көпірі» атанды, бүгінгі күнге дейін бар.

Ол кісі тарыққанға қолдау көрсетуге дайын тұратын. Данагүл апамды сексендегі анасымен екеуін «Комсомол» совхозынан әкеліп, үйдің қасынан жер кепе соғып, елден жылу жинап, қатарға қосылуына себепші болды. Ертеде «Қостоган» жығылып кетіп, ауылымызды су басу қаупі туды, бөгеуге бүкіл ел жиналды. Әкем соған басшылық жасап, қарабурамен зорға бөгеді. Сауықшыл кісі болатын. Бір тойда:

– Алтау кенен айтамын ақылдасып,
Көкпар таздар кетеді тақымдасып,
Шаршы тойда кез болған құрбым,
Араны отырайық жақындатып, – деп айтып отыратын.

Әкемді білетін замандастары Ишанбек, Бабабек көкелер «Алтын көкемнің қызы» дейтін. Қарулы, қайратты еді, қатарлары Дөңдей дейтін. Кейінгі жылдары Аманкелді совхозының қой шаруашылығына араласып, шопан болды. Бұл салада алдыңғы қатарға шықты. Колхоз кезінде еңбекқақыға астық беретін. Оны диірменге тартып, табаға нан жабамыз. Соғыстан кейінгі жылдары әкемнің арқасында таршылық көрген жокпын.

Шешем Айышкүл әкемнің жұмысына жағдай жасап, үй шаруасын өзі атқаратын. Жаз болса қолдан қарық қазып, қауын егетін. Қауыны бітік болатын. Әкем өмірінің соңына дейін еңбектен қол үзген жоқ. Мен 80-нің сеңгіріне шықтым. Әкем туралы естелік жазу – перзенттік парызым.

Алтын ӨТЕГЕНҚЫЗЫ



МӘСКЕУ ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАСТЫҢ САРБАЗЫ

Мен соғысқа кеткен әке мен жасы үлкен ағалардың орнын басқан, жесір қалған аналардың көз жасын сүрткен, ертеңге деген үмітін жалғаған ұрпақтың өкілімін. Біз барлық қатарластарым, тағдырластарым сияқты балалық шақтың бал дәмін татпадық, бұғанамыз қатпай жытып ауыр жұмысқа жегілдік. Күн сайын келетін «қара қағаздың» хабарын, аппақ сақалынан жасы сорғалаған аталардың зарын, тірегінен айырылған аналардың жоқтауын естіп өстік. Сондықтан соғыс деген сұмдықтың ешқашан болмағанын тілеймін.

Менің әкем Анас Құрманбай 1900 Тышқан жылы өмірге келген. Бұрынғы Теренөзек, қазіргі Сырдария ауданы «Майлы-

құм» ауылындағы «Жіңішке» деген өзен бойында жастық шағы өткен. Жігіт болғанда 1925-1929 жылдары коллективтендіру, колхоздастыру кезінде ауыл ақсақалдары Омар, Қожанияз, Жұбанияз, Түреке оған «Анас, шырағым, бәріміз қосылып егін ексе» депті.

Қалаға барып екі-үш ай курста оқып келген 25-тегі жігіт колхоз бастығы әрі агроном болып сайланды. Осылайша әкем 1939 жылға дейін меңгеруші болды, 1942 жылы соғысқа аттанды.

Мен 1936 жылы көкек айының 27-сінде «Майлықұм» ауылында өмірге келдім. Біздің отбасы бала – жетім, ана – жесір, әке – құрбан болған соғыстың зардабын тартудай-ақ тартты.

Майданнан оралмаған әкемді 40 жыл іздеумен болдым. Ол кісі пулеметшілер командирі, ефрейтор болған. Мәскеу түбінде шайқаста қатты жараланып, госпитальға түскен.

Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы ең бір сұрапыл, қанқұйлы майдандардың бірі – Мәскеу түбіндегі шайқаста неміс басқыншылары мықты тосқауылға тап болып, алғаш рет күйрей жеңілгені белгілі. Осы шайқастың бел ортасында менің әкем, ефрейтор Анас Құрманбай да болды. Ол 1943 жылы Иваново қаласындағы «Болино» жауынгерлер зиратына жерленген. «Құлпытас 19, квартал 17, жерленген уақыты

1943 жыл, тізімде №738» деген дерек бар.

Мен мектеп-интернатта білім алып, әрі қарай Алматыдағы суретшілер дайындайтын оқуға кеттім. Өмірден өз орнымды таптым.

Сөзімнің соңында, Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан ефрейтор Анас Құрманбай есімі атаусыз қалмай, күннен-күнге өсіп-өркендеп келе жатқан қаламыздың бір көшесіне берілсе деймін. Бұл туған жерден топырақ бұйырмаған азаматтың аруағы алдындағы парызымыздың өтеуіндей болар еді.

Баянды АНАСҰЛЫ,
тыл ардагері

Жарнама. Жарнама.

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы»,
«Ақмешіт
жастары» және
ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз
келсе: 70-00-52
телефоны арқылы
байланысуға
болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа
менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.